

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 1081 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Тұжырымдаманың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 15 маусымына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Тұжырымдаманың есепті жылы іске асырылу қорытындысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. "Қазақстан Республикасының 2023 – 2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 961 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1081 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы

1-бөлім. Паспорт

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

4-бөлім. Көші-қон саласын дамыту пайымы

5-бөлім. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Қосымша: Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

1-бөлім. Паспорт

Атауы	Қазақстан Республикасының көші қон саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы
Әзірлеу үшін негіз	1. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 25-27-25.7 қбп шешімінің 1.1-тармағы 2. Қазақстан Республикасы Үкіметі отырысының 2025 жылғы 22 шілдедегі № 27 хаттамасының 2.2.1-тармағы
Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (келісу бойынша) Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары
Іске асыру мерзімдері	2026 – 2030 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1-тарау. Көші-қондағы санау үрдістерін талдау

1-параграф. Халық саны – көші-қонның демографиялық негізі

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 20,4 миллион адамға жетті. Әлемдік стандарттар бойынша бұл орташа деңгейден асып түседі және 63 орынға сәйкес келеді (екінші тоқсанның ортасы). Қазақстан адам саны жағынан Аустралия мен Чилидің арасында орналасып, дамыған елдердің үштен екісінен озық тұр.

Тәуелсіздік алғаннан бергі халық санының ұзақмерзімді серпіні U-тәрізді трендке ие (1-сурет).

1992 – 2001 жылдар кезеңінде халық саны 9,6 %-ға немесе 1,5 млн адамға (16,4-тен 14,9 млн адамға дейін) азайды. Бұл, ең алдымен, сыртқы көші-қонға байланысты: 10 жыл ішінде теріс сальдо 2,7 млн адамды құрады.

1-сурет. Қазақстан Республикасы халқының орташа жылдық саны, млн адам

2001 жылдан бастап халық санының оң серпіні тұрақты сипатта. 2024 жылға қарай халық саны 36 %-ға немесе 5,3 млн адамға өсті. Жыл сайынғы өсу қарқыны негізінен туу көрсеткіштерінің жоғары болуы есебінен 1,3 %-ды немесе 230 мың адамды құрады.

2000 жылдары қазақ ұлтының өсу қарқыны 2,4 %-ға жеткенін айта кеткен жөн. Соңғы 30 жыл ішінде халық саны іс жүзінде екі есеге артқан: 1989 жылы 6,5 млн, 1999 жылы 8 млн, 2009 жылы 10,1 млн, ал 2021 жылы 13,5 млн адам.

2-параграф. Халық санының болжамы

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында туған адам саны 13 %-ға азайды, бұл жыл қорытындысы бойынша туу көрсеткішінің жиынтық коэффициенті (бұдан әрі – ТЖК) 2,5 – 2,6-ға дейін төмендеуі мүмкін екенін білдіреді. Мұндай серпін демографиялық дамудың "орташа" емес, "төмен" сценарийіне сәйкес келеді. ТЖК-нің төмендеуімен бірге өлім-жітім азаяды – болжам бойынша өмір сүру ұзақтығы 76,5 жасқа дейін біртіндеп ұлғаяды деп күтілуде.

Бұл ретте Қазақстан халқының жыл сайынғы өсу қарқыны айтарлықтай деңгейде қалып, 2025 – 2030 жылдары 0,8 %-ды және 2030 – 2035 жылдары 0,7 %-ды құрайды.

Салыстырмалы түрде соңғы онжылдықта табысы орташадан жоғары елдер үшін ұқсас көрсеткіш 0,6 %-ды, ал табысы жоғары елдер үшін 0,4 %-ды құрады. Нәтижесінде ел халқының саны 2030 жылға қарай 21,2 млн адамға және 2035 жылға қарай 21,9 млн адамға дейін артады.

Анағұрлым маңызды фактор – халықтың жас топтарындағы өзгерістер (2-сурет). Осы Тұжырымдамаға сай түйінді сын-қатер – 17-25 жас аралығындағы жастар тобының 28 %-ға немесе 662 мың адамға айтарлықтай өсуі. Бұл көші-қон белсенділігінің күрт өсуіне, сондай-ақ кәсіптік орта және жоғары білім беру ұйымдарына жүктеменің артуына ықпалын тигізеді.

2-сурет. Жас бойынша сандық құрамның салыстырмалы өзгеруі, %, 2025 – 2030 жылдар

3-параграф. Сыртқы көші-қон

Сыртқы көші-қон елдердің кірісіне ықпалын тигізгенімен, өзара қарым-байланыстың сипаты бірқалыпты емес (3-сурет). Көптеген мемлекеттерде көші-қон өсімінің коэффициенті Қазақстан көрсеткіші сияқты нөлдік мән мөлшерінде ауытқиды, алайда ол дамыған елдерде 0,5-1,5 %-ға дейін күрт өседі. Сонымен қатар Қазақстанға қарағанда табыс деңгейінің жоғары болуына қарамастан, бірқатар елдердің көрсеткіші нашарлау (Гонконгті қоса алғанда және Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі – ҚХР), Чехия, Греция, Польша және Румыния, Түркия, Мексика және Уругвай).

3-сурет. Елдердің сыртқы көші-қон мен жан басына шаққандағы табысқа тәуелділігі, 2023 жыл

Дереккөз: Дүниежүзілік банк, 2023 жыл

Халықаралық көші-қон ұйымының (бұдан әрі – ХКҚҰ) деректеріне сәйкес Қазақстан 2020 жылы көшіп келушілер саны бойынша әлемде 15-ші орынды иеленді. Олардың саны 3,4 миллион адамды немесе халықтың жалпы санына шаққанда 18,1 %-ды құрады.

2024 жылы Қазақстанда сыртқы көші-қон сальдосы 16,5 мың адамды құрады, оның ішінде 29,3 мың адам келіп, 12,7 мың адам кеткен. Көші-қон өсімінің коэффициенті 0,08 %-ды (0,15 % және 0,06 %) құрады.

2019 жылға дейін көші-қон сальдосы біршама нашарлады, бірақ кейінгі кезеңдерде тұрақтанды (4-сурет), ал 2022 жылдан бастап өсу серпіні байқалады.

4-сурет. Келу және кету кезіндегі көші-қон қарқындылығы коэффициенттері

2025 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша көші-қон сальдосының тұрақтануы байқалады (6 %-ға өскен). Келгендер саны 21 %-ға азайды. Сонымен бірге Өзбекстаннан көшіп келушілер саны 18 %-ға артқаны байқалады. Сонымен бір уақытта негізгі этникалық топтар бойынша да, олар кететін негізгі елдер бойынша да кетіп қалғандардың саны 50 %-ға, оның ішінде Ресей Федерациясына 54 %-ға төмендеді.

4-параграф. Өңірлік үрдістерді қоса алғанда, ішкі көші-қон

Ішкі көші-қон көрсеткіштері 2013 жылға дейін тұрақты болды (халықтың шамамен 2 %-ы), кейін күрт өсе бастады. 2024 жылы бұл көрсеткіш бүкіл халыққа шаққанда рекордты деңгейге 7,5 %-ға жетті, бұл ретте өңіраралық, сондай-ақ өңірішілік қозғалыс арта түсті (5-сурет).

5-сурет. Қазақстанның ішкі көші-қонының көрсеткіштері

Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Ресми статистиканы талдау кезінде қалыптасудың әдіснамалық ерекшеліктерін ескерген жөн. Тұрақты тұрғылықты жердің өзгеруін ғана есепке алу көші-қонның нақты ауқымын жете бағаламау болады.

Көші-қон процесіндегі (көлем бөлігінде) ықтимал проблемалар туралы белгі беретін негізгі көрсеткіш көші-қон айналымы – келгендер мен кеткендердің жиыны. Оның мәні жоғары болса, бұл адами әлеуеттен тым жылдам айырылуды да, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым инерттілігіне байланысты оған шамадан тыс жүктеме түсу қаупін де білдіруі мүмкін.

Көші-қон процестерінің Астана қаласы мен іргелес Ақмола облысында айтарлықтай шоғырлануы байқалады (6-сурет).

2024 жылдың қорытындысы бойынша Ақмола облысы мен Астана қаласының көші-қон айналымы 276 мың адамды құрады, бұл кеңейтілген өңір халқының 12,2 %-ына сәйкес келеді.

Көші-қон айналымының ең жоғары абсолюттік көлемі Алматы қаласы мен Алматы облысында тіркелген – 363 мың адам.

Шымкент қаласы мен Түркістан облысының көші-қон айналымы абсолютті мәнде (268 мың) салыстырмалы болғанымен, оның қарқындылығының деңгейі өңірлердегі орташа мәннен аспайды, 7,9 %-ды құрайды.

6-сурет. Қазақстанның кеңейтілген өңірлеріндегі көші-қон айналымы

Дереккөз: СЖРА ҰСБ


Неғұрлым егжей-тегжейлі талдау ірі қалалардың агломерацияларына кіретін субөңірлердің қарқынды өсу проблемасын көрсетті.

Мәселен, Астана қаласымен салыстырғанда Ақмола облысының Қосшы қаласы, Аршалы және Целиноград аудандары үшін айналым қарқындылығы жоғары. Сол сияқты осыған ұқсас жағдай Алматы қаласымен шекаралас Қарасай, Талғар және Іле аудандарында байқалады.

Сыртқы көші-қон бірде-бір өңірде сан түріндегі маңызды фактор болып табылмайды. Көші-қон айналымы қарқындылығының диапазоны Қызылорда облысындағы 0,01 %-дан Солтүстік Қазақстан облысындағы (бұдан әрі – СҚО) 0,49 %-ға дейін ауытқиды. Тіпті СҚО-да осы көрсеткіш неғұрлым жоғары бола тұра, шетелге кеткендердің саны ішкі көші-қон көлемі бойынша (басқа өңірлерге және СҚО-ның өзінде) 13 есе аз.

Ішкі көші-қон аясында экономикалық география қағидаттарына сәйкес үрдістер пайда болады (7-сурет). Неғұрлым ірі өңірлік жүйелердің құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстанның субөңірлерін былайша топтастыруға болады.

7-сурет. Ішкі көші-қон сальдосы, халық санына қатысты %-бен, 2024 жыл



Дереккөз: СЖРА ҰСБ

Республикалық тартылыс орталықтары ішкі көші-қонның оң сальдосымен, өңіраралық қозғалыстың басымдығымен сипатталады.

Бұл топқа мыналар жатады:

Астана қаласы мен Ақмола облысына іргелес субөңірлер (Қосшы қ., Целиноград және Аршалы аудандары);

Алматы қаласы мен Алматы облысына іргелес субөңірлер (Қарасай, Талғар және Іле аудандары, Қонаев қаласы).

Өңірлік тартылыс орталықтары ішкі көші-қонның оң сальдосымен, ішкі өңірлік қозғалыстың басымдығымен ерекшеленеді. Бұл топқа барлық дерлік облыс орталықтары мен Шымкент қаласы кіреді.

Осыған ұқсас үрдістер Лисаковск қаласында, Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы, Маңғыстау облысының Түпқараған ауданы, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандарында байқалады. Көкшетау қаласы көші-қон легін көршілес СҚО-дан тартуымен ерекшеленеді.

Екінші деңгейдегі өңірлік орталықтар жалпы өз өңірлерінің шеңберіндегі сальдо оң болғанымен теріс көші-қон сальдосымен сипатталады. Бұл санатқа жекелеген облыс орталықтары мен моноқалалар (Қызылорда, Тараз, Теміртау, Саран, Жезқазған, Қаражал, Рудный, Степногорск, Екібастұз, Текелі), сондай-ақ Шымкент қаласына іргелес орналасқан кейбір аудандар жатады.

Ішкі көшіп-қонушыға таза үлес қосушыларға ел аудандарының көпшілігі және халық санының ұдайы азаюымен сипатталатын қалған шағын қалалар кіреді.

2-тарау. Көші-қонның сапалық (мазмұндық) үрдістерін талдау

1-параграф. Сыртқы көші-қонның жалпы аспектілері

Соңғы жылдары елден кетіп жатқан ересек (15 жастан асқан) көшіп-қонушылардың құрылымы тұрақты болып қалуда. 2022 жылдан 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына дейінгі кезеңде елден кеткендердің 65 %-ының жоғары және арнаулы орта білімі болған (33 % және 32 %).

Сонымен қатар елге келетін көшіп-қонушылардың құрылымында бұған қарама-қарсы серпін байқалады. Егер 2021 жылы жоғары және арнаулы орта білімі бар адамдардың үлесі 58 % болса, 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 34 %-ға дейін төмендеді. Осымен бір мезгілде жалпы орта білімі бар адамдардың үлесі 25 %-дан 50 %-ға дейін өсті.

Елге қысқамерзімді сапарлар (шекара маңындағы қатынастар, маусымдық жұмыспен қамту) әлі де басым: келу жағдайларының 60 %-ға дейінгісі екі тәуліктен аспайды.

Сонымен бірге ұзақмерзімді көші-қон мәртебелерінің үлесі ұдайы өсуде. 2024 жылы уақытша тұруға 621 мыңнан астам рұқсат берілді, олардың 86 %-ы еңбек ету мақсаттарына байланысты болған. Отбасылық негізде және білім алу негізінде келудің үлесі тұрақты, ал гуманитарлық негіздер көлемі жағынан мардымсыз болғанымен, қауіпсіздік тұрғысынан жоғары қырағылықты қажет етеді.

2-параграф. Этникалық көші-қон

Тәуелсіздік алғаннан бері 1,2 млн этникалық қазақ елге оралды. Этникалық қазақтарды орналастырудың жаңа тетігі іске асырыла бастаған кезден бері (2023 жылғы 1 тамыздан бастап) 38 мың адам, оның ішінде 2025 жылдың басынан 2025 жылғы 1 қарашаға дейін 13,2 мың адам қандас мәртебесін алды.

Көшіп-қонушылар негізінен Қытай Халық Республикасынан (45 %) және Өзбекстан Республикасынан (42 %) келген.

Негізгі қоныстанған өңірлер: Алматы, Түркістан және Маңғыстау облыстары.

Үкімет айқындаған облыстарда қоныстандыруды ынталандыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) ұсыныстары негізінде өңірлік квота қалыптастырылады. 2025 жылы оның мәні 2,3 мың адам деңгейінде белгіленді.

2025 жылы қандас мәртебесін алған адамдардың жартысынан көбінің тек орта білімі бар не мүлдем білімі жоқ. Бұл құрылым тарихи отанына оралатын адамдарға мәртебе алу құқығына ең төменгі шекті талап қойып, кеңейтілген қолдау көрсету бағытында соңғы онжылдықтарда жүргізіліп жатқан саясатқа байланысты.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қандастарды қоныстандыруға арналған өңірлер үшін жекелеген өңірлік бағдарламалар бекітіліп, іске асырылуда. Көрсетілген бағдарламаларда бірқатар артықшылықтар көзделген, онда аумақтардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері ескеріледі, қандастарды атаулы қолдау шаралары қалыптастырылады және оларды жергілікті қоғамдастыққа тиімді ықпалдастыру үшін жағдай жасалған.

Өңірлік бағдарламаларды іске асыру еңбек ресурстарын анағұрлым ұтымды бөлуге, халықты жұмыспен қамтуды арттыруға және солтүстік пен шығыс өңірлерінің демографиялық әлеуетін нығайтуға ықпал етеді. Бұл шаралар жиынтығы халық санын тұрақтандыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды және жұмыс күші тапшы өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыруды қамтамасыз етіп, аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

3-параграф. Еңбекші көшіп-келушілер және шетелдік жұмыс күші

Үй қожалықтарына келетін еңбекші көшіп-келушілердің санаты үшін жылына 300 мың рұқсат көлемінде квота белгіленген, бұл республикадағы жалпы жұмыс күші санының шамамен 3 %-ына сәйкес келеді. Егер 2022 жылы квотаның орындалу деңгейі 56 % болса, 2024 жылы ол 99,5 %-ға жетті, ал 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жылдық квотаның орындалуы 70 %-ды құрады. Аталған серпін Ресей Федерациясының көші-қон заңнамасындағы өзгерістерге және бұрын транзиттік аумақ ретінде қарастырылған Қазақстанға көші-қон легінің уақытша қайта бағдарлануына байланысты болуы ықтимал.

Бұл ретте Өзбекстан Республикасының азаматтары ұдайы үстем жағдайда: олардың барлық еңбекші көшіп-келушілердің арасындағы үлесі шамамен 90 %-ды құрайды.

Еңбекші көшіп-келушілердің құрылыс саласында басым болуы осы секторда жұмыс күшіне деген жоғары сұраныстың сақталуымен түсіндіріледі. Елдегі құрылыс саласы мемлекеттік және жеке инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы есебінен жыл сайын өсім көрсетіп келеді, ал жұмыстардың едәуір бөлігі маусымдық сипатта болғандықтан әрі еңбекті көп қажет ететіндіктен, жергілікті халық үшін тартымдылығы төмен болып, шетелдік жұмыс күшін тартуға орнықты сұраныс қалыптасты.

Өзбекстан Республикасы азаматтарының келу көрсеткішінің тұрақты деңгейі қалыптасқан еңбекші көші-қон легінің болуымен және құрылыс, ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету салаларында осы елден келетін жұмыс күшіне деген тұрақты сұраныспен түсіндіріледі.

Занды тұлғалар тартатын шетелдік жұмыс күші (бұдан әрі – ШЖК) сегментінің серпіні өзгеше. Занды тұлғалар үшін берілген рұқсаттардың нақты саны квотаның азаюына қарамастан, жыл сайын шамамен 14,5 мың деңгейінде тұрақты сақталып отыр және бұл белгіленген квотаға сәйкес келеді. Географиялық тұрғыда 2022 жылдан бастап 2025 жылғы бірінші жартыжылдық аралығында Қытай Халық Республикасынан тартылатын ШЖК үлесінің 22 %-дан 38 %-ға дейін, сондай-ақ Өзбекстан Республикасынан 12 %-дан 26 %-ға дейін өскені тіркелді. Бұл үрдіс экономикалық ынтымақтастықтың жандануына, шетелдік компаниялардың инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобаларға қатысуының артуына, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен инвестициялық бағдарламалардың кеңеюіне байланысты.

Шетелдік жұмыс күші үшін ел тартымдылығының өңірлік құрылымы серпінді және инвестициялық жобалардың іске асырылуына тікелей тәуелді. Мысал ретінде Атырау облысының ШЖК тарту жалпы көлеміндегі үлесінің 47 %-дан 15 %-ға дейін азайғанын атап өтуге болады.

Еңбекші көші-қон процестерін неғұрлым толық түсіну үшін шетелдік азаматтардың ел аумағы бойынша бөлінуін қарастырып, олар шоғырланған өңірлерді айқындаған жөн.

2020 – 2024 жылдары шетелдік мамандардың көбі Атырау облысына (2024 жылы – 3,7 мың), Алматы қаласына (2024 жылы – 1,3 мың), Ақтөбе облысына (2024 жылы – 998), Батыс Қазақстан облысына (2024 жылы – 901) тартылды.

Қалыптасқан бөлудің құрылымы аталған өңірлердің салалық мамандануымен және экономикалық белсенділік деңгейімен айқындалады. Білікті шетелдік мамандар мен техникалық персоналға деген жоғары сұраныс сақталып отырған батыс өңірлерде "Теңізшевройл", "Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг", "Норт Каспиан Оперейтинг Компани" сияқты ірі мұнай-газ және сервистік жобалар шоғырланған.

Ал Алматы және Астана қалалары елдің негізгі іскерлік және қаржылық орталықтары болып табылады, мұнда трансұлттық корпорациялардың өкілдіктері, құрылыс және IT-компаниялар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар шоғырланған.

4-параграф. Заңсыз көші-қон

Қазіргі уақытта Қазақстан заңсыз көші-қонның трансұлттық арналарының маңызды транзиттік тораптарының бірі болып отыр. Бұған елдің географиялық орналасуы, халықаралық әуе және теміржол бағыттарының дамуы, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) шеңберінде еркін жүріп-тұру режимінің сақталуы да ықпал етеді. Сонымен қатар ТМД елдеріндегі әлеуметтік-саяси жағдайдың тұрақсыздығы да елеулі фактор болып қала береді.

Соңғы жылдары едәуір бөлігі бұрын Ресей Федерациясында еңбек қызметін жүзеге асырған "маусымдық көшіп-қонушылар" деп аталатындар есебінен заңсыз еңбекші көші-қонның өсуі байқалады.

ХКҚҰ деректеріне сәйкес Қазақстанда сауалнамаға қатысқан еңбекші көшіп-қонушылардың үштен бірінен астамы ел аумағында заңсыз негізде жүр, ал 34 %-ы еңбек қызметін еңбек шартын жасамай жүзеге асырады. Неғұрлым көп таралған мәселелер ретінде тұрғын үйді жалға алудағы қиындықтар (55 %), зейнетақы жарналарының болмауы (40 %), медициналық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділіктің шектеулілігі (20 %), сондай-ақ артық жұмыс істеу жағдайлары мен еңбекақының төмен деңгейін атап өткен. Көп жағдайда жұмысқа бейресми арналар мен жеке байланыс арқылы орналасқан.

5-параграф. Шетелдегі Қазақстан азаматтары

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша шетелдерде еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында 156,7 мың Қазақстан азаматы болған. Олардың ең көп бөлігі Ресей Федерациясына тиесілі – 128,9 мың адам немесе 81,7 %. Бұған қоса азаматтардың едәуірі Корея Республикасында 15,2 мың (9,6 %), Польшада 2,6 мың (1,6 %) және Ұлыбританияда 2,4 мың (1,5 %) жұмыс істейді. Ресей Федерациясына шығатын азаматтар санының азаюы және сонымен бір мезгілде алыс шет елдерде жұмысқа орналасудың арта түскені атап өтілді.

Қазақстаннан шетелге жұмыс күшін шығаруды жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері (бұдан әрі – ЖКЖА) ұйымдастырады, олар еңбек шарты аяқталғаннан кейін жұмысшылардың елге қайтуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар азаматтардың едәуір бөлігі жұмысқа өз бетінше немесе ЖКЖА арқылы орналасады, ал құқықтық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігінен еңбек құқықтарының бұзылу жиі ұшырасады.

Білім беру мәселелері бойынша Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – ЮНЕСКО) 2024 жылғы деректеріне сәйкес шамамен 91,2 мың студент шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алуда, бұл әлем бойынша 9-орынға сәйкес келеді. Білім беруде Ресей Федерациясы әлі де көш бастап тұр (60 мыңнан астам), сондай-ақ Еуропа елдері, Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ), Корея Республикасы және Гонконг кеңінен танымал.

6-параграф. Елордаға және агломерацияларға озыңқы ішкі көші-қон

Соңғы он жыл ішінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы тұрақты жағымсыз үрдістердің неғұрлым айқын көріністері солтүстік, орталық және шығыс өңірлердің ауылдық елді мекендерінде байқалады.

Оларға халық санының азаюы, еңбекке қабілетті азаматтардың кетуі, демографиялық құрылымның картаюы, сондай-ақ халықтың жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендеуі жатады.

Ауылдық елді мекендерде өсіп келе жатқан аумақтық теңсіздік жағдайында ірі қалалар – Астана мен Алматыға көші-қон легі күшейіп келеді, оған тұрақты түрде мониторинг жүргізілуде.

Астана қаласында он жыл ішінде халықтың орташа жылдық өсу қарқыны 5,8 %-ды құраса, Алматы қаласында 3,3 %-ды құрады.

Елордаға көші-қон жүктемесін азайтудың негізгі қиындығы сол, Астанаға таза көші-қон легі барлық өңірлерден қалыптасады. Бұл ретте соңғы он жылда неғұрлым шалғай батыс облыстардан көші-қон күшейе түсті (5,6-дан 10,7 есеге дейін), ал оңтүстік макроөңір үшін басымдықтың Алматы қаласынан Астана қаласына ауысуы байқалады. Осылайша, көші-қонның себептері табысы, тұрмыс сапасы және ірі қалаларға дейінгі қашықтығы жағынан айтарлықтай ерекшеленетін донор өңірлердегі

қанағаттанарлықсыз жағдаймен ғана емес, сондай-ақ қабылдаушы орталықтардың тарту факторларымен де айқындалады.

Реципиент–қалаларды Астана және Алматы қалаларының ішкі көші-қон сальдосының екі еселенген айырмасын (73 және 36 мың адам) ескере отырып салыстырған жөн. Бұл ретте бірқатар объективті әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер көші-қон тартымдылығын толық түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Мысалы, Алматы қаласы халық саны бойынша елордаға қарағанда 1,5 есеге және жалпы өңірлік өнім (бұдан әрі – ЖӨӨ) бойынша 2 есеге артық (2024 жылы – 31,3 трлн теңге және 15 трлн теңге). Алматы қаласының жан басына шаққандағы ЖӨӨ 36 %-ға (13,8 млн теңге және 10,1 млн теңге), халықтың ақшалай табысы – 15 %-ға жоғары (348 мың теңге және 303 мың теңге), ал екі қаладағы медианалық жалақы салыстыруға келеді (326 мың теңге және 328 мың теңге).

Екі қала да индустриялықтан кейінгі даму түріне жатады, ал Алматы қаласында ЖОО құрылымдағы бизнестік көрсетілетін қызметтердің үлесі одан да жоғары (ЖӨӨ-нің 32 %-ы Астана қаласында 22 %). Тұтынушылық себет құнында орта есеппен алғанда онша көп айырмашылық жоқ. Жоғары білім саласында Алматы қаласындағы көрсеткіш әлдеқайда жоғары: жыл сайын 2,5 еседен көп түлек оқып шығады (36,3 мың адам, 14,4 мың адаммен салыстырғанда).

Елорданың негізгі көші-қон тартымдылығы – тұрғын үйдің қолжетімділігінде, ол сондай-ақ жинақтар мен инвестициялардың негізгі құралы болып отыр. Егер бір тұрғынға ел бойынша орташа есеппен жылына 0,95 ш.м. тұрғын үй пайдалануға берілсе, Алматы қаласында 1,1 ш.м., ал Астана қаласында 3 ш.м. беріледі. Алшақтық әсіресе соңғы бес жылда ұлғая түсті: егер Алматы қаласында пайдалануға берілетін тұрғын үйлердің көлемі 22 %-ға артса, елордада 2,5 есе артқан.

Сондай-ақ Астана қаласының елорда ретіндегі мәртебесінен басқа, республикалық маңызы бар объектілердің көпшілігі осында жинақталғанын (атап айтқанда, медициналық кластер) және бүкіл солтүстік және орталық макроөңірдің экономикалық орталығы болып табылатынын атап өткен жөн. Алматы қаласынан айырмашылығы – аумақтың дамуы шектелмеген, полиорталықтық құрылымымен сипатталады және ұзақ уақыт бойы арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі – АЭА) болды.

Қалалық агломерациялардың өсуі жалғасатын болады, бұл объективті процесс және урбандалудың жаһандық үрдістеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар реттелмейтін ішкі көші-қонның салдарынан ірі агломерациялық орталықтардың (Астана, Алматы) айналасында инфрақұрылым деңгейі жеткіліксіз, бейберекет құрылыс салынатын аумақтар қалыптасады, бұл "кедейлік белдеулерінің" пайда болу тәуекелін тудырады. Олардың одан әрі кеңеюі әлеуметтік шиеленіске, халықтың өмір сүру сапасының нашарлауына және қалалық саясаттың тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

7-параграф. Ауылдық елді мекендер мен шекара маңындағы солтүстік өңірлердегі халық санының азаюы

Соңғы онжылдықтарда Қазақстан Республикасының шекара маңындағы солтүстік өңірлеріндегі ауылдық елді мекендерде халық санының ұдайы азаю үрдісі байқалады.

Бұл серпін бірқатар факторларға байланысты, оның ішінде көші-қон легі, халықтың табиғи кемуі, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы теңгерімсіздік және инфрақұрылымның жеткіліксіздігі.

Шекара маңындағы аймақтардың демографиялық тұрғыдан тұралауы әлеуметтік-экономикалық сын-қатер ғана емес, сондай-ақ кеңістік қауіпсіздігі, аумақтық байланыс және өңірлік дамудың ұзақмерзімді тұрақтылығы мәселелерін де қозғайды.

Шекара маңындағы солтүстік аудандардың көпшілігінде еңбекке қабілетті халықтың, ең алдымен жастардың, білікті мамандардың және орта жастағы отбасылардың толассыз кетіп жатқаны байқалады. Негізгі себебі – экономикалық белсенділіктің төмендігі, жұмыс орындарының жеткіліксіздігі және кәсіби өсу перспективаларының болмауы.

Көрші елдерге білім алу мақсатындағы көші-қонның жалғасуы, кейін түлектердің едәуір бөлігінің Қазақстанға оралмауы да қосымша фактор болып отыр.

Бірқатар солтүстік және шығыс өңірлердегі туу көрсеткіші төмен және халық қартаюының жылдамдағаны байқалады. Демографиялық құрылым үлкен жастағы топтарға қарай ығысуда, бұл әлеуметтік қолдау жүйесіне ұзақмерзімді жүктемені күшейтіп, еңбек әлеуетін төмендетеді.

Аталған демографиялық процестер инфрақұрылымдық шектеулермен күшейе түседі. Бұл өңірлердің дамуына кедергі болатын маңызды факторлар – көлік байланысының жеткіліксіздігі, жол желісінің ескіргендігі және шағын елді мекендердегі инженерлік инфрақұрылымның әлсіз дамуы.

Осылардың жиынында газбен қамтамасыз етуге, орталықтан сумен жабдықтауға, цифрлық көрсетілетін қызметтерге, сапалы медициналық көмек пен білімге қолжетімділіктің шектеулі болуы онда тұруды және кәсіпкерлік қызмет жүргізуді тартымсыз етеді, бұл көші-қон легін аттырады.

Шешім қабылдайтын орталықтардан алшақтық көші-қон легінің жылдамдауына, жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуға атсалысуын төмендетуге және ауылдық елді мекендердегі кейбір жалпы білім беретін мектептердің жабылуына ықпалын тигізді.

3-тарау. Көші-қонды реттеудің қазіргі заманғы тетіктеріне талдамалық шолу

Мемлекеттік саясаттың көші-қон саласындағы пайымы 2023 – 2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасында көрсетілген. Құжатта білікті

шетелдік мамандарды тарту, қандастардың қоныс аударуы мен интеграциясын қолдау, еңбек ұтқырлығы мен білім алу көші-қоны мақсатындағы қоныс аудару бойынша кешенді шаралар көзделген. 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жоспарланған 51 шараның 42-сі (83 %) орындалған.

Көші-қонды реттеуге арналған құқықтық база Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңында және тиісті қосымша нормативтік актілерде қалыптастырылған. Құжаттарда өз еркімен қоныс аудару, оның ішінде қандас мәртебесіне ие адамдардың қоныс аудару тәртібін, көшіп-қонушылардың және шетелдік еңбек күшінің болуы және оларға квота беру тәртібін, сондай-ақ шетелге еңбек күшін шығаратын ЖҚЖА қызметін реттейді. Бұған қоса оларда еңбекші көшіп-қонушылардың құқықтарын қорғауға кепілдік берілген, міндеттері айқындалған және қандас мәртебесіне ие адамдарды қоғамға интеграциялауға бағытталған шаралар қамтылған.

Қазақстан босқындар мен баспана іздеушілердің құқықтарын кешенді қорғауды қамтамасыз етеді, оларға азаматтармен тең дәрежеде тегін медициналық көмек алу, жұмыс істеу және кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігін қосымша рұқсат талап етпей береді. Заңнама барлық балалардың, оның ішінде босқындар мен баспана іздеушілердің балаларының мектепке дейінгі, бастауыш және орта білімді тегін алу, сондай-ақ жоғары және одан кейінгі білімді конкурс негізінде алу құқығына кепілдік береді.

"Босқындар туралы" Заң босқын мәртебесін алу үшін өтініш беру, тіркеу және қарау тәртібін, босқын мәртебесін беру, ұзарту, тоқтату және алу рәсімдерін, сондай-ақ баспана іздеушілер мен босқындардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Тұрақсыз геосаяси жағдайды және Қазақстан Республикасының аумағымен өтетін жаһандық көлік дәліздерін ескере отырып, босқындарды қорғау саласындағы халықаралық міндеттемелерді тиісті деңгейде орындау үшін кешенді шараларды қабылдау қажеттігі сақталады.

Босқындарға отбасының бірлігін сақтау мақсатында атаулы әлеуметтік қолдаудың қолжетімділігі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ тұрақты тұру құқығы мен азаматтық алуға өтінішхат беру құқығы соттылығы туралы анықтама талап етпей беріледі. Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес босқындарды өміріне немесе бостандығына қауіп төнетін елдерге қайтаруға немесе депортациялауға заңнамамен қатаң тыйым салынады.

Аталған шараларды іске асыру Қазақстан Республикасының босқындарды қорғау саласындағы халықаралық стандарттарды ұстанатынын растап, олардың қоғамға толыққанды интеграциялануы үшін жағдай жасайды, ел аумағында заңды түрде тұратын барлық адамдардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

1-параграф. Ішкі көші-қонды реттеуді мемлекеттік қолдау құралдары

Ерікті қоныс аударуды қолдауға арналған шараларға қандас мәртебесі бар адамдарды қоныс аударту да кіреді, ол әр отбасы мүшесіне 70 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде көшуге арналған біржолғы төлем, 12 айға дейін тұрғын үйді жалға алу (жалдау) және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеуге 15-30 АЕК көлемінде өтемақы, қоныс аударуға жәрдемдесетін жұмыс берушілерге 400 АЕК мөлшерінде субсидия, сондай-ақ 1625 АЕК мөлшерінде экономикалық мобильдік сертификаттарын беру көзделген.

Азаматтардың жекелеген санаттары үшін атаулы ынталандыру шаралары қосымша іске асырылуда:

1) "Дипломмен ауылға" бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген мамандар үшін: көтерме жәрдемақы (100 АЕК мөлшерінде), тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит (аудандық орталықтарда – 2500 АЕК дейін, басқа ауылдық елді мекендерде – 2000 АЕК дейін);

2) "Серпін" білім беру бағдарламасы аясында Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстанның оқу орындарына түскен, оңтүстік өңірден келген талапкерлердің оқу ақысын өтеу, мемлекеттік стипендия төлеу, жол жүру және тұру шығындарын өтеу.

Қандас мәртебесіне ие адамдарға қосымша қолдау шаралары қарастырылған: жеке мақсаттағы мүлікке кедендік баж төлеуден босату, бейімделу бойынша тегін қызмет көрсету, медициналық көмек көрсету, білім беру ұйымдарынан орын беру, колледждер мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуға квота беру, әлеуметтік қорғау шаралары және жұмыспен қамтуға көмек көрсету, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін уақытша тегін жер пайдалану құқығымен жер учаскелерін беру.

Қазақстан Республикасына кіруді және шығуды оңайлату мақсатында 2023 жылғы шілдеден бастап шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін "Ата жолы" картасы енгізілді.

Білікті мамандарды тарту және IT-саланы дамыту мақсатында жаңа типтегі "Neo Nomad" (B12-1) және "Digital Nomad Visa" (B9-1) визалары енгізілді. 2024 жылғы қарашадан бастап шетелдіктер ай сайынғы табысы 3 мың АҚШ долларынан төмен емес екенін растаса, "Neo Nomad" визасы Қазақстаннан салық міндеттемелерінсіз бір жылға дейін қашықтан жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

"Digital Nomad" визасы елде тұрақты тұруға ниет білдіретін IT-мамандарға арналған, оған қоса Astana Hub қолдауымен оңайлатылған рәсімдер ұсынылады. Аталған визалық құралдар цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған және ішкі еңбек нарығында бәсекелестік тудырмайды.

2-параграф. Мемлекеттік органдардың көші-қон процестерін реттеудегі функциялары

Көші-қон саясатын мынадай негізгі орталық мемлекеттік органдар іске асырады:

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі миграциялық процестерді реттейді, еңбекші көшіп-қонушылар мен этникалық қазақтарды есепке алады, сондай-ақ ведомстволар арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіреді.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі келу мен кетуді бақылауды, шетелдік азаматтарды тіркеуді және рұқсат беруді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі визалық саясатты және консулдық сүйемелдеуді іске асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қауіпсіздікті және заңсыз көші-қонның алдын алуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Ғылым және жоғары білім және Оқу-ағарту министрліктері көшіп-қонушылардың денсаулық сақтау, білім беру және бейімделу саласындағы ілеспе функцияларды орындайды.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті жерлерде орталық органдардың шешімдерін бейімдей отырып іске асыруды қамтамасыз етеді және көші-қон мониторингінің жалпы жүйесінің түзілуіне негіз болатын бастапқы ақпаратты қалыптастырады, операциялық-атқарушы рөлін атқарады.

"Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ЕРДО) талдамалық қолдау көрсетеді, ол көші-қон факторларын ескере отырып болжамдар дайындауды, көші-қон процестерінің мониторингін сондай-ақ қандастарға, шетел азаматтарына, жұмыс берушілерге және Қазақстан Республикасының азаматтарына көші-қон бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін цифрлық порталдың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3-параграф. Көші-қонды реттеу жүйесіндегі цифрлық құралдар

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар көші-қон процестерін реттеу үшін өздерінің цифрлық құралдарын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің migration.enbek.kz платформасы Қазақстан Республикасының азаматтарына, этникалық қазақтарға, шетел азаматтарына, инвесторлар мен жұмыс берушілерге көрсетілетін қызметтерді онлайн ұсынады, онда қандас мәртебесі мен "Ата жолы" картасын қоса алғанда, рұқсат алу мен өтініш беру автоматтандырылған.

"Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "ШЖК" ААЖ) Қазақстан Республикасында жұмыс істеу үшін рұқсаттарды қоса алғанда, шетелдік мамандарды, еңбекші көшіп-келушілерді, арнайы экономикалық аймақтар (бұдан әрі – АЭА) шеңберінде мамандарды тарту жөніндегі деректерді есепке алуды, мониторингілеу және талдамалық өңдеуді қамтамасыз етеді, еңбек шарттары мен шекаралардан өтуі бойынша ШЖК мониторингі жүргізіледі.

"Қандас" жүйесі этникалық қазақтарға мемлекеттік қызмет көрсетуді: мәртебе беруді, квота, "Ата жолы" картасын алуды, этникалық ерекшелігін растауды автоматтандырады. Жүйе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бірқатар ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған және оны шетел мекемелері пайдаланады.

"Бүркіт" ақпараттық жүйесі шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың келуінкетуін есепке алуға, көшіп-қонушыларды тіркеуге, визаларды ұзартуға, уақытша/тұрақты тіркеуге, болу мерзімдері мен көші-қон мәртебесін бақылауға арналған бірыңғай дерекқор.

Сондай-ақ "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, онда Қазақстан азаматтары мен шетелдіктердің ішкі және сыртқы көшіп-қонуы туралы деректер жинақталған, ведомствоаралық өзара ісқимылды, нақты уақыт режимінде көші-қон процестерінің мониторингін, елде болудың заңдылығын, заңсыз көші-қонның ашылуын және қажет болған жағдайда жедел-ізвестіру қызметін бақылауды қамтамасыз етеді.

4-тарау. Көші-қон саласындағы проблемалы мәселелер

1-параграф. Әкімшілік жүйелерді күшейтудің және көші-қонды басқарудың институционалдық ортасын қатаңдатудың қажеттігі

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы еліміздің алты өңірінде, оның ішінде ірі қалаларда заңсыз көші-қон арналарын анықтады. Өңірлердің бірінде халыққа қызмет көрсету орталықтарының, медициналық мекемелердің қызметкерлері мен жеке тұлғалардың қатысуымен қылмыстық топ қызметінің жолы кесілді, олар құжаттарды (еңбек шарттарын, медициналық анықтамаларды) қолдан жасап, тұрғылықты жері бойынша жалған тіркеу ресімдеген. Нәтижесінде жалған мекенжай бойынша тіркелген 22 мың шетелдік анықталды.

ІІМ Көші қон қызметі комитетінің деректеріне сәйкес 2025 жылғы 9 айдың өзінде ғана 306 мың шетелдік, оның ішінде 70 мыңы көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Елден шығарылған 14 мың шетел азаматынан өндірілген айыппұл сомасы 4,7 млрд теңгені құрады.

Ішкі тіркеу институтының ресми сипаты осы саладағы тәуекелдерді басқаруды біршама қиындатады. Азаматтардың тұрғылықты жері туралы мәліметтер уақытында жаңартылмайды, ал уақытша және еңбек ету мақсатындағы қоныс аудару статистикадан тыс қалады. Бұл көші-қон легін объективті есепке алу мүмкіндігін шектейді және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуын жоспарлау сапасын төмендетеді.

Азаматтарды жалған тіркеп қою мәселесіне ерекше назар аудару қажет. 1 мыңнан астам "резеңке пәтер" анықталды, олардың көпшілігі шетелдіктерді қоса алғанда 70 мың адам тіркелген республикалық маңызы бар қалаларға тиесілі. Елордада бір пәтерге бір жыл ішінде 3,4 мың адам тіркелген жағдайлар бар. Бұл бұзушылықтың жүйелі

сипатына қарамастан, тұрғын үй иелерінің жауапкершілігі, әдетте, әкімшілік шаралармен ғана шектеледі.

Қазақстан Республикасына келген шетел азаматтары көбінесе нақты тіркелген жерлерінде тұрмайды, бұл құқық қорғау органдары тарапынан оларды анықтап, бақылау жүргізуді қиындатады. Айталық, 2024 жылдың 9 айының өзінде ғана көші-қон заңнамасын бұзған 331 мыңнан астам адам анықталды.

Шетелдік жұмыс күшін заңсыз тартқаны үшін 3 мыңнан астам жұмыс беруші жауапқа тартылды, бұл ретте айыппұлдың орташа мөлшері шамамен 120 мың теңгені құрады. Көрсетілген сома заңды түрде жұмыс істейтін бір жұмыскердің бір айлық жалақысы бойынша салықтар мен әлеуметтік аударымдарымен салыстыруға болады. Бұл ретте айыппұл әрбір заңсыз тартылған көшіп-қонушы үшін емес, анықталған факт үшін жалпы салынады, бұл экономикалық ынталандырудың бұрмалануына әкеледі: талаптарды сақтау және оларды бұзғаны үшін санкциялар арасындағы теңсіздік жағдайында жұмыс берушілерге көп жағдайда еңбек қарым-қатынасын заңдастырудан бұлтару экономикалық тұрғыдан айыппұл төлеуге қарағанда тиімдірек.

Бұған қоса көші-қон заңнамасын бұзғанына қарамастан, шетелдік азаматтар цифрлық платформада көрсетілетін қызметтерге (платформалық жұмыспен қамту, банк көрсететін қызметтер және т.б.) кедергісіз қол жеткізе алады. Бұл жеке компаниялардың өздері үшін де (ықтимал сенімсіздік), сондай-ақ көші-қон мәртебесі заңсыз келген шетел азаматтарымен қарым-қатынас жасайтын азаматтар үшін де қосымша тәуекелдер туындатады.

2-параграф. Қауіпсіздік инфрақұрылымын нығайту қажеттігі

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) деректеріне сәйкес 2025 жылғы 1 -жартыжылдықтың өзінде ғана мемлекеттік шекара режимін бұзғаны үшін 14,6 адам ұсталған, қару-жарақ пен оқ-дәрі алып өтуге тырысқан 475 әрекеттің жолы кесілді, сондай-ақ 14 млрд теңгеден артық соманы құрайтын валютаны заңсыз өткізу фактісі анықталды. Сонымен қатар террористік әрекетке қатысы бар 246 шетелдік азаматтың кіру әрекеттері тоқтатылды, терроризм мен діни экстремизм идеяларын қолдайтын 800-ге жуық көшіп-қонушы анықталды.

Сыртқы көшіп-қонушыларды эпидемиологиялық бақылау қажеттігіне баса назар аудару қажет. Еңбек ету мақсатындағы көшіп-қону мен мәжбүрлі қоныс аударудың өсуі (босқындар, транзиттік көшіп-қонушы) ел аумағына инфекциялық ауру әкелу қаупін арттырады. Осыған байланысты эпидемиологиялық жағдайды жүйелі мониторингілеу, сондай-ақ көшіп-қонушылардың денсаулық сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді алуы кезіндегі құқықтық және әкімшілік кедергілерді жою қажет.

Бұған қоса көші-қон кенеттен қарқын алған жағдайға ведомствоаралық бірыңғай іс-қимыл алгоритмі құрылмаған.

3-параграф. Келетін халықтың тек санына қатысты тәсілден сапалық аспектілеріне көшу қажеттігі

Жаңа экономикалық модельге көшу, еңбек нарығындағы сын-қатерлердің артуы және мемлекеттің фискалдық мүмкіндіктерінің шектелуі жағдайында көшіп-қонушыларды тарту саясатын қайта қарау қажет.

Сырттан көшіп келушілерді мемлекеттік ресурстарға қосымша жүктеме емес, әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыруды күшейтетін фактор ретінде қарастыру қажет.

Этникалық көшіп-қонушылар мен қандастардың еңбек, білім және тіл білу бойынша әлеуетін бағаламау мемлекеттің оларды мақсатты түрде тарту және тиімді интеграциялау мүмкіндігін шектейді.

Алдыңғы жылдардағы көші-қон саясатын іске асыру тәжірибесі этникалық репатрианттар мен қандас мәртебесіне ие адамдарды бейімдеу мәселесінің маңыздылығы арта түскенін көрсетті. Өңірлік еңбек нарықтарының сұранысы жеткілікті түрде ескермегендіктен, оларды жұмысқа орналастыруда қиындықтар кездеседі. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени-білім беру құрауыштарын қамтитын кешенді интеграциялауды пысықтау талап етіледі.

4-параграф. Мемлекеттік бюджетке қаражаттың жеткілікті деңгейде түспеуі және ШЖК тарту жағдайында жүйелі айырмашылықтар нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қолайлы ортаның қалыптасуы және

Заңды тұлғаларға арналған ШЖК квотасы шеңберінде мамандарды тартумен салыстырғанда үй шаруашылығына тартылған еңбекші көшіп келуші мәртебесін ресімдеу шығасыларының анағұрлым аз болуы ұйымдарда іс жүзінде еңбек қызметін жүргізген кезде тұрғылықты жері бойынша жалған тіркелу практикасының таралуына әкеледі.

Мұндай тетік жұмыс берушілерге фискалдық жүктемені азайтуға мүмкіндік береді, бірақ бюджеттік төлемдердің жете түспеу, статистиканың бұрмалануы, көлеңкелі жұмыспен қамтудың өсуі және жұмыскерлердің тиісті құқықтық қорғалмауы қатар жүреді.

5-параграф. ЖЖҚА қызметін бақылаудың төмендігі салдарынан шетелдегі Қазақстан Республикасының азаматтары құқықтарының бұзылу ықтималдығының артуы

Жоғарыда көрсетілгендей, жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері (ЖҚЖА) жосықсыз қызметіне қатысты жағдайлар сақталуда, ол артық комиссия алу, бос жұмыс

орындары туралы жалған ақпарат беру, еңбек жағдайларын жасыру, кемсітушілік тәжірибені қолдану, шарттық кепілдіктердің болмауы, сондай-ақ азаматтарды еңбекпен қанау көріністерінен байқалады.

Аталған бұзушылықтар көбіне қазіргі уақытта реттеушілік әсердің болмауына байланысты болып отыр. Бұрын **ЖҚЖА** қызметі міндетті түрде лицензияланатын, алайда 2007 жылы бұл тетік жойылған.

Қазіргі кезде **ЖҚЖА** мемлекеттік тіркелімсіз, сертификаттау жүйесі мен сақтандыру кепілдіктерінсіз жұмыс істейді, ал мемлекеттік бақылау шаралары жүйесіз және әдетте, тек азаматтардың жолданымдары бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте "Жеке жұмыспен қамту агенттіктері туралы" халықаралық еңбек ұйымының № 181 конвенциясының ережелерінде жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің қызметін мемлекеттік реттеу, олардың қызметінің ашықтығына қойылатын талаптарды белгілеу, жұмыскерлерден негізсіз төлем алуға жол бермеу, сондай-ақ еңбек етушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін, оның ішінде трансшекаралық еңбек қатынастары кезінде қорғауды қамтамасыз ету көзделген.

6-параграф. Шетелдегі диаспоралардың әлеуетін жеткілікті қолданбау

Білікті кадрлардың шетелге кетуі, сондай-ақ шетелде тұратын отандастармен өзара іс-қимыл мәселесі маңыздылығын жоғалтпайды.

Диаспоралардың ұйымдық әлеуетін нығайту және олардың өзін-өзі басқаруының тұрақты нысандарын дамыту осы міндетті шешу мақсатындағы басым бағыт болады.

Бұл шетелдік мамандарды білім, технологиялар мен инвестициялар алмасу процестеріне тартудың тиімді тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жаһандық экономикаға неғұрлым терең интеграциялануын ынталандырады.

7-параграф. Ішкі қоныс аудару бағдарламасы шеңберіндегі заңсыз әрекеттер

2024 жылы прокуратура органдары елдің алты өңірінде оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге ерікті қоныс аудару бағдарламасын іске асыруға бөлінген 1 млрд теңгеден астам сомада бюджет қаражатын асыра пайдалану және ұрлау фактілерін анықтады.

Кейбір жағдайларда қоныс аударушылар ретінде жалған тұлғалар рәсімделген, ал құжаттар бастапқыдан тұруға жарамсыз не төмен бағамен сатып алынған апатты тұрғын үй объектілеріне жасалған.

8-параграф. Жоғары оқу орындарының ішкі көші-қон факторы ретінде шоғырлануы

Білім алу мақсатындағы ішкі көші-қон елдің ең ірі екі қаласы – Астана мен Алматының инфрақұрылымына елеулі жүктеме түсіреді. Ең ірі жоғары және (немесе)

жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттары негізінен осы қалаларда шоғырланған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 100-ден астам жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдары жұмыс істейді, бұл ретте олардың 40 %-дан астамы Астана мен Алматы қалаларында орналасқан. Бұл шоғырлану жоғары ғылыми-білім беру әлеуетіне, дамыған инфрақұрылымға және аталған өңірлердегі білікті кадрларға деген тұрақты сұранысқа байланысты.

Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдары түлектерінің едәуір бөлігі бастапқыда өздері тұрған өңірлерге оралмайды, бұл олардың демографиялық және экономикалық әлеуетінің төмендеуіне әкеледі.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқитын шетелдік студенттердің саны 2025 жылы 31,5 мың адамды құрады. Алғаш рет Азия елдерінен келген студенттер саны ТМД мемлекеттерінен келген студенттер санынан асып, 17,5 мың және тиісінше 12,8 мың адам болды.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар тарапынан шетелге білім алуға шығатын Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты бірыңғай орталықтандырылған есеп жүргізілмейді.

Деректерді жинау және жүйелеу процестері автоматтандырылмаған, бұл оқушылардың саны, даярлау бағыттары мен орналасқан елдері туралы толық әрі өзекті ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдарға хабарлау міндеті білім алушылардың өздеріне жүктелген, олар мәліметтерді "электрондық үкімет" порталы арқылы өздері тіркеп, жаңартулары тиіс.

Аталған есепке алу моделі азаматтардың белсенді қатысуын талап етеді және автоматтандырылған ведомствоаралық деректермен алмасуды, сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етпейді.

9-параграф. Көші-қон саясатын іске асыратын органдар арасында функцияларды сегменттеп бөлу

Қазіргі уақытта көші-қон саласында бақылау жүргізетін мемлекеттік органдар жүйесінде шешімдерді ұжымдық түрде қабылдаудың тұрақты тетіктері жоқ.

Ведомствоаралық үйлестіру тиімділігінің төмендігі, сондай-ақ жүйелі талдамалық және болжамдық жұмыс жүргізілмейтіні байқалады.

10-параграф. Фрагментті басқару жүйесі және цифрлық интеграцияның төмен деңгейі

Мемлекеттік органдардың көші-қон саласындағы өкілеттіктері заңнамалық тұрғыдан бекітілген, алайда сатылас үйлестіру құрылмаған.

"Кіру – болу – еңбек ету – шығу" барлық тізбегі бойынша өтпелі басқару процесі қамтамасыз етілмеген.

Қазіргі уақытта ведомстволар арасында жеке және биометриялық дерек алмасудың заңды тетігі жоқ.

Әр ведомствоның өзінің жеке ақпараттық базасы бар және көші-қон процестерін басқарудың бірыңғай стратегиялық және цифрлық контурынсыз шектеулі құзырет шеңберінде әрекет етеді.

Ведомствоаралық ақпарат алмасу көбінесе қолмен жүргізіледі, ал деректер кідіріспен жаңартылады. Нәтижесінде әртүрлі мемлекеттік органдардың көшіп-қонушылардың ұқсас санаттары бойынша статистикалық деректері әртүрлі. Есеп жүргізудің әртүрлі тәсілдері мен әдіснамалары, сондай-ақ қайта кіруді есепке алмай, шекарадан әрбір өтуді жеке жазба ретінде тіркеу көшіп-қонушыларды дәл сәйкестендіруді қиындатады, деректер қайталанады және көші-қон легін толық және анық қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Рәсімдердің қағаз түрінде болуы, дербес деректермен алмасу, сондай-ақ биометриялық технологиялар мен жасанды интеллектіні пайдалану саласындағы нормативтік реттеудің болмауы қосымша шектеуші фактор ретінде қалып отыр.

Атап айтқанда, "Шетелдік жұмыс күші" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде еңбекші көшіп-қонушыларды есепке алу шоғырландырылмаған. Жүйе Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен (шығу және кіру), Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігімен (шетелдік студенттер және олардың көші-қон мәртебесі), "Астана" халықаралық қаржы орталығымен және "Astana Hub" халықаралық технопаркімен (квотадан тыс тартылған шетелдік жұмыс күші), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігімен (туризм немесе спорттық негіздер мақсатында келген, кейіннен еңбек қызметін жүзеге асыратын) автоматты түрде дерек алмасуды қамтамасыз етпейді.

Бірыңғай ведомствоаралық базаның болмауы заңсыз көшіп-қонушыларды, жалған тіркеуді және визалық режимнің бұзылуын уақтылы анықтауға мүмкіндік бермейді.

Ақпараттық ресурстардың бытыраңқылығы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің заңсыз жұмысқа орналастыру арналары мен адам саудасының трансұлттық схемаларының жолын кесу кезіндегі жедел өзара іс-қимылын қиындатады.

Цифрлық дерек алмасу деңгейінің төмен болуы жаппай көшіп-қонып қоныс аударуға байланысты дағдарыстық жағдайларда жедел әрекет ету мүмкіндігін жоққа шығарады және жедел-ізвестіру жұмысының тиімділігін төмендетеді.

Бұған қоса, биометриялық рәсімдердің жеткілікті түрде регламенттелмеуі және жасанды интеллект технологиясын пайдалану құқықтық режимінің болмауы дербес

деректердің тарап кету қаупін арттырады және көші-қон мен ұлттық қауіпсіздік жүйесіне деген сенімге нұқсан келтіреді.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Халықаралық тәжірибені жалпы талдау көрсетіп отырғандай, тиімді көші-қон саясатында көші-қон процестерін тікелей әкімшілендіру емес, мемлекеттік шараларды азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өмір сүру сапасын теңестіруге және инфрақұрылымдық шығасыларды азайтуға шоғырландыру көзделген, бұл халықты ірі агломерациялық орталықтардың тыс қайта бөлуге ықпалын тигізеді.

1-тарау. Жаһандық трендтер мен айқынсыздық

1-параграф. Геосаяси тәуекелдер

Өңірлік қақтығыстар мен санкциялық текетірес сыртқы көші-қон легінің өзгеруіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Ұрыс қимылдары жүріп жатқан аймақтардан халықтың көптеп кетуі, сондай-ақ визалық режимдерді қатаңдатып отырған мемлекеттерден кері көші-қонның өсуі де байқалады.

Бұл ретте бұрынғы Кеңес Одағы кеңістігінде және әлемдік державалардың ықтимал қарсыласу нүктелері бар көршілес өңірлерде қақтығыстар орын алған жерлерде айқынсыздықтың жоғары деңгейі сақталуда.

Қақтығыстардың өршуіне байланысты қолайсыз сценарий іске асқан жағдайда Қазақстан Республикасына көші-қон легінің өсуімен қатар оның құрылымы да өзгеруі ықтимал. Көршілес елдердегі геосаяси шиеленістің күшеюі Қазақстанды ең алдымен Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен еңбекші көшіп-қонушылар үшін салыстырмалы түрде тартымды етеді. Мұндай лектің күрт өсуі қауіпсіздік пен құқық қорғау жүйелеріне қосымша жүктеме түсіру мүмкін, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың өсу тәуекелдері артуы мүмкін.

2-параграф. Урбандалу

Алдағы онжылдықта қала тұрғындары үлесінің тұрақты өсуі күтілуде. Әлемдік деңгейде бұл көрсеткіш 2025 жылғы 58 %-дан 2035 жылға қарай 62,5 %-ға дейін өседі.

Табыс деңгейі орташадан жоғары елдерде өсу қарқыны неғұрлым жоғары болады – ұқсас кезең үшін 71,7 %-дан 77,3 %-ға дейін.

Қала халқының өсуі тек мегаполистер есебінен ғана қамтамасыз етілмейді. Қала тұрғындарының жартысынан көбі халық саны 1 млн-ға дейін болатын қалаларда тұрады, 2030 жылға қарай олардың халқының жалпы саны 2,4-тен 2,8 млн адамға дейін өсіп, үлесін 50 %-дан асатын деңгейде сақтайды.

Дамушы елдер инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуына қарамастан, қалаларының қарқынды өсуімен сипатталады, бұл көлік жүйелерінің, коммуналдық желілер мен әлеуметтік саланың шамадан тыс жүктелуіне әкеледі.

3-параграф. Таланттар үшін күрес

Білім алу мақсатындағы көші-қон халықаралық ұтқырлықтың және білікті кадр тартудың орнықты арнасы.

Шетелдік студенттердің саны 2000 жылы 2,1 млн болса, 2023 жылы 7,3 млн-ға дейін өсіп, жылдық орташа өсім қарқыны шамамен 5,5 %-ды көрсетті.

Негізгі тартылыс орталықтары – Еуропа елдері, Солтүстік Америка және Қытай Халық Республикасы, бұл ретте түлектердің едәуір бөлігі білім алған елдерінде тұруды және еңбек етуді жалғастырады.

Таланттар үшін бәсекелестік жағдайында академиялық ұтқырлықтың рөлі арта түседі. Дамыған елдердегі халықтың қартаюы және дамушы экономикалардағы жастар санының өсуі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдерін магистратура мен PhD бағдарламалары түлектерін, кәсіпкерлер мен сұранысқа ие дағдысы бар мамандарды тарту саясатын, оның ішінде визалық режимді оңайлату және біліктілікті тез тану арқылы күшейтуге итермелейді.

4-параграф. Климаттық көші-қон

Дүниежүзілік банктің бағалауына сәйкес алдағы онжылдықтарда әлемде климатқа байланысты көшіп-қонушылардың саны 200 млн адамнан асып кетуі мүмкін.

Орталық Азияда негізінен құрғақшылық, су ресурстарының тапшылығы мен жердің жұтаңдануына байланысты климатқа негізделген ықтимал көші-қон көлемі 2,0–2,4 млн адам деңгейінде бағалануда. Аталған қатерлер Қазақстан Республикасының оңтүстік және батыс өңірлері үшін ерекше өзекті.

Сумен қамтамасыз ету проблемасының ушығуы осалдықтың қосымша факторы болып табылады. Соңғы екі онжылдықта халықтың су ресурстарымен қамтамасыз етілуі 30 %-ға азайды. Бұл ретте Қазақстанның су ресурстарының шамамен 70 %-ы трансшекаралық сипатқа ие, бұл елдің көрші мемлекеттердің су шаруашылығы саясатына тәуелділігін күшейтеді және стратегиялық тәуекел деңгейін арттырады.

Бұл жағдайда климатқа байланысты көші-қон тәуекелдерін ерте кезеңде басқару жүйелі тәсілді енгізуді талап етеді, оған климаттық қауіп-қатерлерді картаға түсіру, өңірлердің осалдығын кешенді бағалау және тиісті деректерді кеңістікті және әлеуметтік-экономикалық жоспарлау процесіне интеграциялау кіреді.

2-тарау. Елдердің тарихи тәжірибесі

Халықаралық оң тәжірибенің, әсіресе, сыртқы көшіп-қонушыларды тартуға қатысты қомақты бөлігі қазірдің өзінде Қазақстанға бейімделген. Дегенмен мемлекеттің шектеулі фискалдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ алдыңғы бөлімдегі басым проблемаларды ескеру қажет.

Жалпы әлемдік практика тиімді әрі қауіпсіз көші-қон саясаты процестерді цифрландыруға және еңбекші көші-қонға визалық көші-қон мәселелерін әкімшілендіруге және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жауапты органдардың институционалдық байланысына негізделгенін көрсетті.

Германия, Польша, Швеция және Норвегия тәжірибесі бірыңғай үйлестіру орталығы мен көші-қонды басқарудың дамыған цифрлық инфрақұрылымы болған кезде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұтқырлығын қолдау бірін-бірі толықтыра алатынын көрсетеді.

Канадада, Аустралияда және Ұлыбританияда сыртқы көші-қон адами капиталды қалыптастыру және ұлғайту құралы ретінде қарастырылады. Көшіп-қонушыларды іріктеу білім деңгейіне, кәсіптік тәжірибесіне және интеграциялық әлеуетіне басымдық берілетін балл белгілеу тетіктерін қолдану арқылы жүргізіледі.

Оңтүстік Корея мен Сингапурдың практикасы ішкі көші-қонды цифрландыру және еңбекшілер легін жүйелі басқару бір мезетте көші-қон тәуекелдерін азайтуға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететінін көрсетеді.

ТМД елдері еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері жанындағы көші-қон мәселелерін әкімшілендіруді орталықтандыру, сондай-ақ кететін және келетін азаматтарды цифрлық есепке алуды ендіру бағытында әрекет етуде.

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасы өзінің әлеуметтік-экономикалық және институционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, ашықтық пен қауіпсіздік талаптары арасындағы тепе-теңдікті сақтап, цифрлық әкімшілендірудің еуропалық стандартын үйлестіре отырып, осы тәсілдерді өз моделіне интеграциялауға қабілетті.

1-параграф. Этникалық көшіп келушілер

Польшада репатрианттар бұрын тұрғын үй және әлеуметтік қолдау алуға құқылы болған. Сонымен қатар интеграцияға дайындықтың жеткіліксіздігі түйінді проблемаға айналды: репатрианттардың көпшілігі мемлекеттік тілді жеткілікті деңгейде білген жоқ, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі шектеулі болды, ал муниципалитеттер тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігінде тапшылыққа ұшырады. Әлеуметтік шиеленісті азайту мақсатында мемлекет квоталар көлемін біртіндеп шектеп, елде жұмыс істеуге шын мәнінде әзір адамдарға баса назар аударды. Осы ретте мектептерде міндетті тілдік курстар мен балаларды атаулы қолдау тәжірибесі институционалдық сипатқа ие болды.

Словакияда ең басынан-ақ жеңілдіктер ұсынуға емес, мемлекетпен құқықтық және мәдени байланысқа баса назар аударылды. Негізгі қиындық –репатрианттардың екінші және үшінші ұрпағының өкілдері көбінесе тілді жеткілікті деңгейде білмеді әрі шығу

тегін құжатпен дәлелдеу олар үшін қиындық туғызды. 2022 жылдан бастап анағұрлым икемді модель енгізілді, тіл білуге және тұруға қойылатын талаптар сараланып қолданылады, ал растаушы құжаттардың бар-жоғы мен сенімділігін тексеруге ерекше назар аударылады. Еңбек нарығындағы интеграция мәселелері кепілдендірілген әлеуметтік төлемдер мен еңбек преференцияларынан бас тарту есебінен шешіледі.

Германияда интеграциялық бағдарламаларының тиімділігі міндетті интеграциялық курстар мен емтихандар жүйесімен қамтамасыз етіледі, олардың нәтижелері тілдік және кәсіптік бейімделуге ұдайы түрткі болып, білім беру шаралары мен әлеуметтік қолдау шараларына тікелей әсерін тигізеді.

2-параграф. Шетелдегі отандастармен байланыс

Оңтүстік Кореяда World-OKTA (Overseas Korean Trade Association) құрылды: 16 елдің корей халқынан шыққан кәсіпкерлері шетелдік корей саудагерлерінің бірлестігін құрды. Бүгінде 71 елде ұйымның 150-ге жуық бөлімшесі бар. Ол семинарлар, тағылымдамалар және көрмелерге қатысу арқылы кәсіпкерлердің "келесі буынын" дайындайды, шағын және орта кәсіпорындардың сыртқы нарықтарға шығуына көмектеседі, сатып алушылармен кездесулер ұйымдастырады және мәмілелерді сүйемелдейді. Экспортқа жаңадан шығушылар үшін тәлімгерлер таңдайды, консультация береді, өнімді нарық талаптарына бейімдейді, контрагенттер іздейді.

Бюджеттің қомақты бөлігі экспортты және инвестицияларды дамыту агенттігін қоса алғанда (Korea Trade-Investment Promotion Agency), мемлекеттің субсидиялары есебінен, сондай-ақ жекелеген жобалар мен конференцияларды қаржыландыру түрінде жабылады. Мүшелік жарналар қосымша қаржы көзі болып қала береді. Коммуникация бөлімшелер мен жергілікті өкілдердің бірыңғай жұмыс форматтары арқылы түзілген. Бөлімшелер іскерлік өзара іс-қимылдың жергілікті тораптары ретінде әрекет етеді: ақпарат жинап, таратады, сауда саясаты бойынша ұсынымдар береді, мәдени және әлеуметтік жобалар арқылы қоғамдастықты дамытады.

Чилиде диаспора ресурстары ChileGlobal арқылы пайдаланылады. Желі шетелде тұратын 400-ге жуық ықпалды чилиліктерді біріктіреді, білімге, технологиялар мен іскерлік байланыстарға солар ақылы қол жеткізуге болады. Қатысушылар инновациялық компанияларды іске қосуға көмектеседі, технологиялар трансферіне ықпал етеді, тәжірибе алмасады. Ұйым бизнес-жобаларды қаржыландырады және үйлестіреді, желі мүшелерін Чилидегі университеттермен, ғылыми-зерттеу институттармен, мемлекеттік органдармен және жеке сектормен байланыстырады.

Қауымдастықты мемлекет ұлттық мүдде жобасы ретінде қаржыландырады. Басқаруды Fundación Chile үкіметтік емес ұйымы жүзеге асырады.

Польшада поляк диаспорасының зерттеушілерін тарта отырып, Польшадағы "ақылдың кетуін" – "білім айналымына" айналдыруға тырысатын Polonium Foundation бар. Ұйым Polonium Network платформасы арқылы шетелдегі ғалымдар мен

Польшадағы ғылыми, бизнес және мемлекеттік секторлар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, онда ғылыми байланыстарды, менторларды, бос жұмыс орындарын, гранттар мен ынтымақтасу арналарын табуға болады.

Ұйым кедергілерді анықтау, интеграцияға жәрдемдесу және ғылымдағы саясатқа ұсынымдар әзірлеу үшін конференциялар, вебинарлар, поляк ғылыми диаспорасының менторлық және зерттеу бағдарламасын жүргізеді. Бұл сапалы ынтымақтастық пен ықпал етуге бағдарланған ғалымдар мен инновациялық адамдардың эксклюзивті желісі. Қаржыландыру мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттар, демеушілік қолдау мен жеке қайырымалдықтар арқылы жүзеге асырылады.

3-параграф. Ішкі көші-қон

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Аустралияда Сидней мен Мельбурн қалалары белсенді көші-қон мен бала туудың күрт өсуіне байланысты халық санының қарқынды өсуіне тап болды. Бастапқы демографиялық болжамдардың көрсеткіші төмен болды: халық санының есептік көрсеткішіне болжамды мерзімінен 20 жыл бұрын қол жеткізді. Күрт өсу тұрғын үй тапшылығын, инфляциялық қысымды, көліктік инфрақұрылымның шамадан тыс жүктемесін және қоғамдық көлік тапшылығын туындатты. Қала маңындағы аудандарды кеңейту инфрақұрылымды бір мезгілде дамытумен қатар жүргізілген жоқ, бұл жеке автокөлікке тәуелділігі жоғары, монофункционалды "жайлы" аудандардың қалыптасуына әсерін тигізді.

1960-шы жылдардың аяғында қалалардың өсуін тежеу саясаты жұмыс істемейтіні белгілі болды. Нәтижесінде стратегиялық басымдық қарқынды урбандалуға бейімделу жағына ығысты. Қала құрылысын дамыту кезең-кезеңімен жүрді: бірінші кезеңде қолданыстағы инфрақұрылым пайдаланылды, содан кейін жаңа аудандар ашылды. Құрылыс салу көлік дәліздерінің бойында және қосалқы орталықтар қалыптасатын аймақта тұрғын үй құрылысын көліктік және әлеуметтік инфрақұрылыммен міндетті түрде байланыстыра отырып жүргізілді.

Осыған ұқсас мәселелер Канадада, ең алдымен, Торонто мен Монреаль агломерацияларында да байқалды, онда 20 жыл ішінде қала халқы 2,5 есе өскен. Аса ірі қалалардың шамадан тыс жүктемесін азайту үшін мемлекет өңірлік жоспарлауды көшіп келудің икемді саясатымен үйлестіре отырып, кешенді тәсілді іске асырды. Көлікті, сумен жабдықтау жүйелерін және тұрғын үй құрылысын дамытуды үйлестіретін агломерациялық басқару органдары құрылды. Сонымен бір мезгілде жаңа аудандарда метро желісі мен автомагистраль салу ауқымды жүргізіле бастады, сондай-ақ құрылыс салу тығыздығының нормативтері мен қала шекарасын кеңейтуге салынатын шектеу біртіндеп күшейтілді, "жасыл" белдеулердің сақталуы қамтамасыз етілді.

Бұған қосымша Канадада көшіп-қонушыларды өңірлік іріктеу жүйесі ендірілді, бұл көші-қон легінің бір бөлігін батыс және Атлантика провинцияларына қайта бөлуге мүмкіндік берді. Өңірлік билік сұранысқа ие мамандықтардың тізбелерін өз бетінше

қалыптастырып, үміткерлерді алдын ала іріктеуді жүргізді, ал федералдық үкімет тексеруді және түпкілікті мақұлдауды қамтамасыз етті.

Жапонияда Токио қаласының агломерациясы қосалқы орталықтар (fukutoshin) құру арқылы дамыды, бастапқыда олар ірі көлік тораптары болды, кейіннен толыққанды бизнес, сауда және мәдени кластерлерге айналды. Бұл аймақтарға ірі корпорациялардың штаб-пәтерлерін, қаржы институттарын, жетекші университеттердің кампустарын, сондай-ақ муниципалдық және мемлекеттік мекемелерді мақсатты түрде орталық аудандардан шеткі аймақтарға және спутник-қалаларға көшіру ынталандырылды.

Ресей Федерациясында халықтың еңбек ұтқырлығын арттыру бағдарламасы іске асырылуда, ол кадрлар тапшы өңірлерге маман тартуға бағытталған. Бұл бағдарламаның айрықша ерекшелігі – қоныс аударуға жұмсалатын шығыстардың 20 %-ға дейінгі көлемін қоса қаржыландыруға жұмыс берушілердің қатысуы, бұл бизнес үшін жұмысшыларды нысаналы өңірлерде ұзақ мерзімге орнықтыруға экономикалық түрткі болады.

4-параграф. Білім алу мақсатындағы көші-қон

Канадада білім алу мақсатындағы көші-қон орнығып қалуы ықтимал тұрғындарды тартудың түйінді арналарының бірі ретінде қолданылады. Оқуға рұқсат (Study Permit) негізінде оқитын шетелдік студенттер оқу кезінде аптасына 20 сағатқа дейін толық емес жұмыс күні және демалыс кезеңінде толық жұмыс күні тәртібімен жұмыс істеуге құқығы бар.

Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін түлектерге үш жылға дейін жұмыс істеуге рұқсат беріледі (Post-Graduation Work Permit). Түлектердің жұбайлары жұмыс істеуге ашық рұқсат алуға құқылы (Open Work Permit), ал балалары үшін мемлекеттік мектептерде тегін оқи алады.

Канадалық дипломы бар және елдегі нақты жұмыс тәжірибесі расталған түлектер Express Entry көшіп келушілер жүйесінде қосымша балл жинайды, бұл тұрақты резидент мәртебесін алуды әлдеқайда жеңілдетеді.

3-тарау. Көші-қон процестерін реттеу

Көші-қонды реттеу саласындағы халықаралық тәжірибені талдау шеңберінде Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Сингапур, Оңтүстік Корея, Америка Құрама Штаттары, Испания, Аустралия және Ресей Федерациясы сияқты елдердің тәсілдері мен тәжірибелері зерделенді.

Осы елдерде қолданылатын негізгі трендтер, басқару модельдері, негізгі драйверлер мен цифрлық құралдар, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімдеу мүмкіндігін бағалау қаралды.

Мәселен, Сауд Арабиясы 10 миллионнан астам еңбекші көшіп-қонушыларды (халықтың 39 %-ы), негізінен, біліктілігі төмен жұмыскерлерді тартады. Негізгі құрал – кафала жүйесі (демеушілік), онда көшіп-қонушы жұмыс берушімен заңды түрде байланысты болады. 2020 жылдан бастап реформалар жүргізілуде: электрондық визалар, Musaned және Absher орталықтандырылған сервистері енгізілді, жұмыс берушіні ауыстыруға рұқсат берілді. Модель Vision 2030 шеңберінде мегажобаларды іске асыру үшін тиімді, бірақ оған қоса көшіп-қонушылардың құқықтары шектеледі.

Біріккен Араб Әмірліктерінде (бұдан әрі – БАӘ) көшіп-қонушылар халықтың 85 %-ын құрайды.

Біліктілігі төмен және жоғары санаттарға бөлінген сегменттелген модель қолданылады. Төлемдердің ашықтығын қамтамасыз ететін "Golden Visa" жүйесі, Tadbeer және Wage Protection System (WPS) орталықтары жұмыс істейді. Айрықша ерекшелігі – визалық рәсімдерді цифрландырудың және жұмыс берушілерді бақылаудың жоғары деңгейі.

Сингапур салалық квоталар және алымдар жүйесі бар (Levy) үш деңгейлі рұқсат беру жүйесін (Work Permit, S-Pass, Employment pass) қолданады. Әкімшілендіру – Еңбек ресурстары министрлігінің (бұдан әрі – ЕРМ) порталдары арқылы толығымен цифрландырылған.

Модель секторлар мен біліктілік бойынша көшіп-қонушылар легінің икемділігі мен дәл реттелуін қамтамасыз етеді.

Болу мақсатын растай отырып онлайн-тіркеу және бұзушылықтарды автоматты түрде қадағалау (мекенжайды өзгерту, төлемді кешіктіру және т.б.) көзделген тәуекелге бағдарланған кіруді бақылау тетігі жұмыс істейді. Келу шарттары шетелдіктің бейіні мен көші-қон тарихы ескеріліп айқындалады. Жоғары тәуекелдер кезінде қосымша талаптар – растайтын құжаттар, депозит немесе сақтандыру енгізіледі.

Оңтүстік Кореяда үкіметаралық келісімдер арқылы жұмыс істейтін Employment permit system (EPS) бағдарламасы қолданылады.

Көшіп-қонушылар көшіп келер алдында тестілеуден және оқытудан өтеді, жұмыс берушілердің өтінімдеріне сәйкес секторлар бойынша бөлінеді, ал келісімшарттар мерзімдері бойынша шектеулі болады.

Мұндай модель еңбек ресурстарын бақылауды, қорғауды және біркелкі бөлуді қамтамасыз етеді.

АҚШ-та селективті визалық тәсіл қолданылады: H-1B – білікті мамандар үшін және H-2A/H-2B – маусымдық жұмыскерлер мен ауыл шаруашылығы жұмыскерлері үшін.

Модель квоталаудың икемділігін және еңбек жағдайлары мен көшіп-қонушылардың құқықтарын қатаң бақылауды үйлестіреді.

Испанияда заңды және "айналмалы" (уақытша) көші-қон басты назарда. Елде донор мемлекеттермен (Колумбия, Марокко, Румыния, Венесуэла) ұжымдық келісімдер қолданылады.

"Aggaigo" тетігі келісімшарт немесе интеграциялану дәлел болған жағдайда 2 жыл тұрғаннан кейін заңды құқық алуға мүмкіндік береді.

Аустралияда да білікті кадр тарту басты назарда, бірақ уақытша және маусымдық жұмыскерлердің де келуіне болады.

Жұмысқа тұру Home Affairs және өтініш беру Skilled Occupation List платформаларында жүргізіледі. Өңірлік көші-қон орталықтары құрылған.

Сонымен қатар жұмысқа тарту визаларға қойылатын қатаң талаптармен шектелген, дегенмен Employer Sponsored немесе Regional бағдарламалары арқылы тұрақты тұруға ауысу мүмкіндігі де бар.

Осылайша, қазіргі жағдайда бүкіл әлемдегі еңбекші көші-қоны біртіндеп бейберекет ағылу санатынан басқарылатын және болжанатын жүйеге ауысуда.

Түйінді үрдіс – барлық көші-қон процестерін цифрлық реттеуге көшу.

Жетекші елдер көшіп-қонушыларды есепке алу, рұқсат беру, еңбек жағдайларын бақылау және сүйемелдеу функцияларын біріктіретін электрондық платформалар мен дерекқорларды белсенді түрде ендіруде.

Qіwa (Сауд Арабиясы), WPS (БАӘ), EPS (Оңтүстік Корея) және МТР (Сингапур) сияқты цифрлық шешімдер мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілерді біртұтас экожүйеге интеграциялауға мүмкіндік береді, бұл ашықтықты, әкімшілік кедергілерді қысқартуды және заңсыз жұмыспен қамтуды азайтуды қамтамасыз етеді.

4-тарау. Көші-қон процестерін басқарудың институционалдық жүйесі

Әлемдік тәжірибе тиімді және қауіпсіз көші-қон саясаты процестерді цифрландыру мен визалық көші-қон мәселелерін әкімшілендіруге, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жауапты органдар арасындағы институционалдық байланысқа негізделетінін көрсетіп отыр.

Германия, Польша, Швеция және Норвегияның тәжірибесі бірыңғай үйлестіру орталығы мен цифрлық инфрақұрылым болған кезде қауіпсіздік пен ұтқырлық бірін-бірі толықтыра алатынын көрсетті.

Канада, Аустралия және Ұлыбритания көші-қонды адами капиталды қалыптастыру құралы ретінде қарастырады: іріктеу біліміне, тәжірибесі мен интеграциялық әлеуетіне басымдық берілетін балл беру тетіктері арқылы жүргізіледі.

Оңтүстік Корея мен Сингапур ішкі көші-қонды цифрландыру және еңбекшілер легін басқару бір мезгілде тәуекелдерді азайтып, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыратынын көрсетеді.

4-бөлім. Көші-қон саласын дамыту пайымы

Көші-қон саясаты мемлекеттік жоспарлау және басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және мынадай бағыттар ескерілген:

1) көші-қон саласындағы жаңа бастамаларды іске қосу бөлігінде фискалдық саясатты қайта қарау, сондай-ақ әлеуметтік шығыстардың атаулы болуын оңтайландыру және арттыру;

2) өңірлердің қауіпсіздігін нығайту және озыңқы даму мәселелерін қамтитын теңгерімді дамуды одан әрі қамтамасыз ету;

3) процестерді бірыңғай орталықтандырылған есепке алуды құрумен қатар жаппай цифрландыру.

Елде соңғы екі онжылдықта көші-қон саясаты негізінен көші-қон процестерін реттеудің түрлі құралдарын сынақтан өткізе отырып, халық санын өсіруге және демографиялық массаны ұлғайтуға бағдарланды.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы жариялаған реформалардың жаңа бағдарында көші-қон мәселесіне қатысты түбегейлі өзгеше көзқарас көзделген. Саннан сапаға – көші-қонды адами ресурс көзі ретінде қабылдаудан адами капиталды қалыптастыруға көшу қажет. Осы тұрғыда өнімді ұтқырлық негізгі ұғымға айналады – халықтың аумақтар арасындағы осындай еңбек ету мақсатындағы қоныс аударуы азаматтардың табысын арттыруға, олардың құзыретін дамытуға және жергілікті экономикаға қосатын үлесін арттыруға ықпал ететінін білдіреді.

Көші-қонды реттеу жүйесін жетілдіруді мынадай төрт стратегиялық бағдар негізінде құру ұсынылады:

1) басқарылатын ашықтық (мемлекет экономикалық өнімді көші-қон мен гуманитарлық міндеттемелерге ашықтығын сақтайды, дегенмен кез келген тұру мақсаты айқын болуға тиіс (кім, қайда, неге, қандай мерзімге және қандай үлеспен));

2) өнімділік және орналастыру (мемлекет еңбекті жобаларды жеделдетуге бағыттайды, құзыреттер береді, нысаналы көрсеткіштер рұқсат берудің сандық параметрлеріне емес, сұранысқа ие құзыреттер алмастыруға және өнімділікті арттыруға бағдарланады);

3) демографиялық қайта теңгерімдеу (халықтың этникалық көші-қоны мен ішкі ұтқырлығы ең алдымен оңтүстік макроөңірлерге шоғырлануды күшейтпей, солтүстік-шығыс өңірлердегі халықтың жетіспеушілігі мен еңбек ресурстарын толықтыру есебінен демографиялық теңсіздікті азайтуға ықпал етуге тиіс);

4) деректер арқылы қауіпсіздік (шекаралық, визалық, еңбек, білім беру және қаржы контурлары бірыңғай талдауға интеграцияланады, басқарушылық шешімдер тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде қабылданады және сенімді деректермен расталады).

Іске асыру нәтижесінде мынадай сапалық өзгерістерге қол жеткізу қажет:

1) ел инфрақұрылымының ықтимал сыртқы көші-қон сын-қатерлеріне әзірлігін аттыру;

2) көшіп-қонушыларды есепке алу және олармен жұмыс істеу, олардың бейімделуін қоса алғанда, жетілдірілген ішкі жүйе құру;

3) заңсыз көші-қонның экономикалық және институционалдық себептерін азайту;

- 4) ұтқырлық факторы есебінен ұлттық және өңірлік экономиканы сапалы адами капиталмен қамтамасыз ету;
- 5) өнімсіз көші-қон қалыптастыратын әлеуметтік саясаттағы теңгерімсіздікті азайту.

5-бөлім. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Тұжырымдама көші-қон саясатын қалыптастыру және дамыту тәсілдерін айқындайтын, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді қабылдаудың негізі болатын мынадай қағидаттарға негізделген:

- 1) ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық тиімділік теңгерімі (ұзақмерзімді, сондай-ақ негізделген тәуекел бар болса, мемлекеттік шығыстардың экономикалық талаптарын төмендете отырып, ұлттық мүдделерді қорғауға басымдық беріледі);
- 2) адамға бағдарлану (Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және оларға кепілдік беру, сондай-ақ ізгілік қағидаттарын ұстану);
- 3) стратегиялық бағытқа сәйкестік (көші-қон саясаты Қазақстан Республикасының Президенті жариялаған реформалардың басымдықтарымен үйлесімді болуы керек, оларға қайшы келмеуге тиіс және оларды іске асыруға жәрдемдесуге тиіс);
- 4) дәлелді болуы және ашықтық (көші-қон шараларын әзірлеу мен іске асыру анық деректерге, объективті ақпаратқа және қабылданатын шешімдердің тиімділігін жүйелі бағалауға негізделуге тиіс);
- 5) өңірлердің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін ескере отырып, қандастарды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру.

1-параграф. Әкімшілік жүйелерді және көпі-қонды басқарудың институционалдық ортасын күшейту

Ұсынылған тәсіл шеңберінде көші-қон заңнамасының, ең алдымен заңсыз жеткізу арналарын ұйымдастыруға байланысты жүйелі бұзушылықтармен күресуге арналған құралдарды кеңейтуге және күшейтуге басты назар аударылатын болады.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз кіруінің, кетуі мен қоныс аударуының жолын кесумен қатар, олардың заңсыз болуын ұйымдастыру жауапкершілігін күшейту жоспарланған. Бұл шаралар көшіп-қонушылардың болуын заңдастыру үшін қолданылатын анықтамаларды және өзге де кеңінен таралған жалған құжаттарды қолдан жасау тәжірибесіне байланысты болып отыр. Ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде "Интернет" желісін пайдалана отырып қазіргі заманғы қылмыстық қызмет түрлеріне қарсы күреске айрықша назар аударылады.

Көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту бойынша мынадай шаралар кешені көзделген:

1) шетелдік азаматтардың мекенжайы бойынша уақытында тіркелмегені (бір айдан астам), визалық рұқсатта көрсетілген мекенжайда тұрмағаны үшін жауапкершілік енгізу;

2) шетелдік азаматты жалған тіркегені үшін қабылдаушы тараптың жауапкершілігін енгізу;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатылған тәртіппен алғаннан кейін шет мемлекеттің азаматтығы тоқтатылмаған жағдайда жауапкершілік белгілеу;

4) еңбек қызметіне заңсыз шетелдік жұмыс күшін тартатын адамдардың жауапкершілігін күшейту.

Бұған қосымша жаңа депортациялау институтын енгізу арқылы шетелдіктерді шығарып жіберудің қолданыстағы тәртібін қайта қарау, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер азаматтарының Қазақстан Республикасында үш ай бойы бақылаусыз болу тәжірибесін ретке келтіру көзделген.

Цифрлық және техникалық қамтамасыз ету бойынша әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алуды автоматтандыру тетігін енгізу (оның ішінде ӘББР-мен интеграциялау арқылы), көші-қон полициясының ақпараттық жүйесін жаңғырту, биометриялық сәйкестендіруді енгізу, сондай-ақ онлайн-форматта ұсынылатын көші-қон бойынша көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейту жоспарланған.

Аса ірі қалалардағы жалған тіркелу проблемасының шиеленісуіне қарсы шектеу сипатындағы шаралар қарастырылады. Жалған тіркеуге қатысты жүйелі бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту, тіпті жақын туыстарын тіркеуді қоспағанда, тіркеу бойынша көрсетілген қызметтерге қолжетімділікті уақытша шектеу көзделген.

Тұрақты және уақытша тұратын жері бойынша тіркеу нормативтерін бекіту бойынша ірі қалалар мәслихаттарының өкілеттіктерін кеңейту (бір азаматқа шаққанда ең аз тұрғын алаңмен қамтамасыз етуге қатысты), сондай-ақ азаматтардың тұрғылықты жері бойынша дұрыс және анық тіркелуін қамтамасыз ететін құқықтық тетіктерді қалыптастыру жоспарланған.

Бұған қоса, нақты экономикалық ынталандыруды ескермейінше, тиімді құқық қолдану практикасы болмайды. Осыған байланысты көші-қон саласында барлық қолданыстағы мөлшерлемелер мен айыппұлдарға, олардың талаптарының сақталуы мен бұзылуы үшін санкциялар арасындағы тепе-теңдікке, сондай-ақ деструктивті ынталандыруды қалыптастыратын факторларды анықтауға кешенді талдау жүргізіледі. Талдау нәтижелері бойынша анықталған теңгерімсіздіктерді жою бойынша ұсыныстар әзірленетін болады. Мұндай тәсілді болашақта жаңа мөлшерлемелер мен айыппұлдық санкциялар әзірлеу кезінде жүйелі түрде қолдану көзделген.

2-параграф. Қауіпсіздік инфрақұрылымын нығайту және сыртқы контурда мәжбүрлі қоныс аударуға әзірлік

Соңғы жылдары халықаралық қатынастардағы шиеленістің өсуі байқалады, бұл сыртқы периметр бойынша қақтығыстардың күшеюіне әкелді. Шетел халқының мәжбүрлі қоныс аудару көлемінің ықтимал өсуі салдарынан шекаралық-бақылау инфрақұрылымына, көші-қонды бақылау және бейімдеу жүйелеріне, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымға жүктеме айтарлықтай ұлғаюы мүмкін.

Бақыландыратын көші-қон әлеуметтік тұрақтылыққа және мәдениетаралық келісімге қауіп төндіреді, ал жекелеген жағдайларда оны сыртқы ойыншылар ішкі жағдайды тұрақсыздандыру мақсатында пайдалануы мүмкін. Мұндай сценарийлердің іске асырылу ықтималдығы төмен болса да, мемлекеттік жүйелерден қоюға алдын ала әзір болуы керек.

Осыған байланысты шекаралардың инженерлік-техникалық қорғалуын нығайтуға, ақпараттық жүйелерді жаңғырту мен интеграциялауға бағытталған кешенді шараларды іске асыру көзделген. Бірыңғай цифрлық жүйеге біріктірілетін 10 автомобиль өткізу пунктінің заманауи инфрақұрылымын құру бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарланған.

"Ақылды шекара" тұжырымына сәйкес шекараны техникалық құралдарды қолдану арқылы қорғауды күшейту жоспарлануда. Оларға мобильді және оптикалық-электронды бақылау жүйелері, пилотсыз әуе кемелері, прожекторлық және радиолокациялық станциялар, сигнал беру кешендері, сондай-ақ өткізу пункттері арқылы азаматтардың, көлік құралдары мен жүктердің қозғалысын бейнебақылау мен автоматтандырылған бақылау жүйелері кіреді.

Сонымен бір мезгілде сыртқы көші-қон легінің ықтимал өзгеру сценарийлерін олардың ауқымы мен қарқынын бағалай отырып әзірлеу қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар бейінді органдардың, инфрақұрылымның және ресурстардың әлеуеті сын-қатерлерге ден қоюға дайындық дәрежесіне терең талдау жүргізу жоспарланған.

Көші-қон саясатын іске асыратын мемлекеттік органдардың жаппай көші-қон легі кезіндегі (әскери қақтығыстар, апаттар, санкциялар) нақты өзара іс-қимыл алгоритмдері, резервтік қуаттарды бөлу және бірыңғай ахуалдық штаб арқылы гуманитарлық шараларды үйлестіру кіретін ведомствоаралық іс-қимыл хаттамасы жасалады.

Бұған қосымша визасыз режим жағдайында кіруді тәуекелге бағдарланған бақылау тетігі енгізіледі. Біріккен Араб Әмірліктері мен Сингапур практикасына ұқсас шетелдік азаматтың шыққан елін, жеке бейінін және мінез-құлық тарихын алдын ала бағалау, кейіннен кіру шарттарын айқындау көзделген. Міндетті онлайн-тіркеуді (тұрғылықты мекенжайы, келудің мақсаты, мерзімі), жұмыс беруші оқу орны немесе туристік инфрақұрылым арқылы келу мақсатын растау, сондай-ақ бұзушылықтарын (мекенжайын ауыстыру, болу мерзімінің асып кетуі) автоматты түрде тіркеуді енгізу жоспарланған. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі уәкілетті органдармен бірлесіп экономикалық қайтарымы төмен немесе бұзушылық қаупі

жоғары визасыз келісімдерге қосымша талаптар енгізу ықтималдығымен (растау құжаттары, кері билет, депозит немесе сақтандыру) оларды қайта қарайтын болады.

Қазіргі уақытта көшіп-қонушылар мен олардың отбасыларын толыққанды интеграциялау үшін жағдай жасау мақсатында өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға оңалту және әлеуметтік қызметтер көрсету желісі (435 мемлекеттік, 152 үкіметтік емес) жұмыс істейді, олардың құрамында 587 ұйым бар. Бұл ұйымдар тұрғылықты жеріне жақын жерде кешенді медициналық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

Кейіннен көшіп келушілер үшін бейімдеу курстарының бірыңғай стандарты енгізіліп, міндетті түрде қорытынды аттестаттау қамтамасыз етіледі. Курстарға Қазақстан Республикасының тілін, заңнама негізін, тарихы мен мәдениетін оқыту кіреді, сондай-ақ ресми жұмысқа орналасу және әлеуметтік жүйелерге қол жеткізу мәселелері бойынша ақпараттық қолдау көрсетілетін болады. Білім беру ұйымдарында көшіп келушілердің балаларын интеграциялау тетіктерін бағалау және жетілдіру жеке бағыт болмақ. Осы бастамаларды іске асыру үшін жергілікті үкіметтік емес ұйымдарды белсенді түрде тарту, оның ішінде қаржыландырудың ваучерлік тетігін пайдалана отырып тарту жоспарланған.

3-параграф. Сыртқы көші-қондағы сапалы көшу

Барлық келушілерге қойылатын талаптарды күшейту бойынша заңнамалық шаралар қабылданатын болады, ал жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып іске асырылатын цифрлық скоринг жүйесі түйінді элементі болмақ. Жүйе migration.enbek.kz платформасында жұмыс істейтін болады және оған алдын ала тестілеу (тілдік дағдыларды, кәсіптік білімді және базалық құқықтық сауатын бағалау), электрондық форматта сауалнама (өмірбаяны, жұмыс тәжірибесі, отбасылық жағдайы, денсаулық жағдайы және тұрғылықты жері бойынша артықшылықтар туралы деректерді жинау), автоматты скоринг (білімі, тәжірибесі, мамандыққа сұраныс, тілдерді білуі, жасы, отбасылық жағдайы және т.б.) болжамды талдау алгоритмдерін қолдана отырып, онлайн-әңгімелесу (ынтасы мен бейімделу әлеуетін қосымша бағалау үшін сөзді түсіну және эмоционалдық фонды талдау технологияларын пайдалану) кіреді. Соның негізінде одан әрі көші-қон рәсімдеріне рұқсат беру немесе одан бас тарту; тұру және жұмысқа орналасу үшін оңтайлы өңір; жеке бейімделу жоспары (тіл үйрену, кәсіптік оқыту, әлеуметтік интеграция) бойынша объективті ұсынымдар қалыптастырылады.

Соңғы жылдары көшіп кету мен көшіп келу құрылымдарының арасындағы теңгерімсіздікке байланысты адами капиталға инвестициялардың мүлдем жоғалуы тіркеліп отыр. Мемлекет жас ұрпақ үшін білім беруге және денсаулық сақтауға қомақты шығын жұмсайды, бұл ретте Қазақстан Республикасының шетелге шығатын біліктілігі жоғары азаматтары кәсіптік машық пен әлеуметтік капитал жинақтап, басқа елдердің экономикасында қосылған құн жасасуға қатысады.

Жаһандық "таланттар үшін күрестің" жаңа жағдайларында бірінші кезекте шет елдерде жүрген қазіргі және бұрынғы азаматтарымызды тартқан жөн. Бірінші кезекте үйлестірудің және олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысу мүмкіндіктері туралы хабардар болудың жеткіліксіздігі мәселесі шешілетін болады.

Шетелде тұратын отандастармен іс-қимыл жасау үшін тұрақты коммуникациялық арналар құру жоспарланған. Салалық орталық мемлекеттік органдармен жұмыс істейтін белсенді көшбасшыларды түйінді байланыстырушы буын ретінде қатыстыру көзделген. Шет елдегі қазақстандықтарды үйлестіру алаңдарын қолдау үшін үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын кеңейту және инвестиция тартумен, туризмді дамытумен айналысатын құрылымдармен қатар даму институттарының ресурстарын пайдалану мүмкіндігі қаралатын болады.

Білім алу мақсатындағы көшіп келу саласында "білім – жұмыс – мәртебе" басқарылатын траекториясын құру көзделген. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқитын шетелдік студенттер үшін ашық әрі болжауға болатын жол белгіленеді: студенттік виза – дипломнан кейінгі еңбек қызметі (мерзімі шектеулі, қосымша виза ресімдемей) – скоринг – жеңілдетілген тәртіппен уақытша не тұрақты мәртебе алу. Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдары дербес деректер туралы заңнама шеңберінде шетелдік студенттердің оқуға қабылдануы, оқудан шығарылуы және оқуды бітіргені туралы дерек беруге міндетті болады. Еңбек нарығында сұранысқа ие түлектер үшін уақытша жұмыс істеу жеңілдетіліп, кейіннен балл беру моделі бойынша тұрғылықты жер алу мүмкіндігі беріледі.

Бизнес мақсатындағы көшіп келу бөлігінде экономиканың сапалы өсуінің басымдығын ескеріп, салым көлемі 300 мың АҚШ долларынан басталатын болса, инвесторлық виза беру шарттарын қайта қарау, сондай-ақ оларды дәл сондай мерзімге жеңілдетілген тәртіппен ұзарту мүмкіндігін қалдыру жоспарланған.

4-параграф. Еңбекші көші-қонды реформалау

Реттеудегі олқылықтарды жою мақсатында еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында келетін шетелдік азаматтарға қатысты бірыңғай квота енгізілетін болады. Бұл тәсіл рәсімдерді оңайлатуға, сондай-ақ көші-қонды әкімшілендірудің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған. Біріздендіру заңды тұлғалардың анағұрлым жоғары алым төлеуден жатырып, жұмыскерлерді еңбекші көшіп келушілер тетігі арқылы ресімдеу жолымен заңнаманы айналып өтуін жоққа шығаруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында елдің дамуына үлес қоса алатын біліктілігі жоғары мамандарды шетелден тарту міндеті белгіленді. Осыған байланысты сұранысқа ие кәсіптер тізбесін кеңейту көзделген, оған сәйкес шетелдік жұмыскерлер еңбек қызметін ұлттық экономиканың сұранысын ескере отырып, квотадан тыс жүзеге асыра алады.

"Өңір – сала" байламы бойынша икемді квоталау жүйесін енгізу жоспарланған, бұл еңбек импортын тек өнімділіктің өсуіне және құзыреттерді беруге, кейін жергілікті кадрларды даярлауға бағыттап, шетелдік жұмыс күшіне рұқсат беруді нақты реттеуге мүмкіндік береді.

Шетелдік жұмыс күшін тартқаны үшін алымдар саланың маржиналдығы мен жұмыскердің болу ұзақтығына қарай саралануы, ал аса тапшы мамандықтар үшін тәлімгерлік ету және қазақстандық мамандарды даярлау жөнінде міндетті шарт қойылып төмендетілуі мүмкін. Жергілікті жерлерге орналастыру талаптары (12-24-36 ай) бар келісімшарттарда шетелдік жұмыскерді біртіндеп алмастыру және жергілікті кадрларды оқытудың негізгі көрсеткіштерін бекіту көзделген.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел азаматтарының трансшекаралық ақша аударымдары үшін қосымша алымдар енгізу мәселесі қаралатын болады.

Сыртқы еңбекші көші-қон саласындағы басым міндет – жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің қызметін реттеу.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-1-бабында Қазақстан Республикасының азаматтарын елден тыс жерлерде жұмысқа орналастырған кезде жұмыспен қамту жөніндегі жекеше агенттіктердің міндеттері белгіленгеніне қарамастан, осы міндеттердің сақталмауына жауапкершіліктің, сондай-ақ жұмыспен қамту жөніндегі жекеше агенттіктердің қызметін бақылаудың болмауынан теріс пайдалану алғышарттары туындап, азаматтарды заңсыз еңбек схемаларына тартатын қылмыстық құрылымдардың әрекеттеріне қолайлы жағдай қалыптасады.

Азаматтарды, оның ішінде шетелдегі азаматтарды жұмысқа орналастыруды жүзеге асыратын жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің ашықтығы мен азаматтар үшін қолжетімділігін қамтамасыз етіп және:

- 1) жұмыс беруші, еңбек жағдайлары, жалақы деңгейі, жұмыс режимі және әлеуметтік қамтамасыз ету туралы толық әрі сенімді ақпаратты жариялау;
- 2) жұмыс іздеушілерден негізсіз және жасырын төлем алуға тыйым салу;
- 3) тараптардың құқықтары мен міндеттерін нақты айқындай отырып, азаматтармен міндетті түрде жазбаша келісімшарттар жасауды қоса алғанда, жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің қызметінің міндетті талаптарын белгілей отырып, бірыңғай мемлекеттік тізілім құру жоспарланған.

Сонымен қатар жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері еңбек шарттарын бұзған немесе келісімшарттық міндеттемелерін орындамаған жағдайда азаматтар алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қаржылық кепілдіктер мен сақтандыру кепілдіктері тетігін енгізу көзделген.

Жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің белгіленген талаптарға сәйкес келуі өлшемшарттарын айқындау жоспарлануда, оған іскерлік беделі, заңнаманы бұзбауы

және білікті персоналдың болуы, қаржылық кепілдіктер мен сақтандыру кепілдіктері кіреді.

Анықталған қауіптерді жою және Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қорғау мақсатында жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің қызметін жүзеге асыруының хабардар ету тәртібінің құралы енгізіледі, ол уәкілетті мемлекеттік органға қызметін бастауы, уақытша тоқтатуы немесе тоқтатуы туралы міндетті түрде хабарлауды, жұмыс беруші, еңбек шарттары, әлеуметтік қамтамасыз ету мен төлем деңгейі туралы мәліметтерді қоса алғанда, қойылатын міндетті талаптарды белгілеуді көздейді.

Бұған қоса, жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейту көзделген, оған жоспарлы және жоспардан тыс тексеру жүргізу, сондай-ақ заң талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану кіреді.

Ұлттық реттеуді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында заңнаманы жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері қызметінің ашықтығын арттыруға және еңбекшілердің құқықтарын, оның ішінде трансшекаралық жұмысқа орналасу кезінде қорғауға бағытталған Халықаралық еңбек ұйымының № 181 конвенциясының ережелерімен үйлестіру қамтамасыз етіледі.

Шетелге еңбекші көші-қон үшін шығатын Қазақстан азаматтарының мүдделерін қорғау мақсатында еңбекші көшіп-қонушыларды тарту мәселелері бойынша уәкілеттік берілген басқа елдердің мемлекеттік органдарымен және өзге де ұйымдарымен екіжақты келісімдер пысықталатын болады.

Осы мақсатта басым бағыттағы 9 мемлекеттің тізбесі құрылды (Чехия, Финляндия, Норвегия, Польша, Швеция, Италия, Словакия, Румыния және Жапония).

5-параграф. Теңгерімді ішкі көші-қон

Көші-қон процестерінің макроөңір елдерінің және қолданыстағы халықаралық келісімдерді қамтитын геосаяси және әлеуметтік-экономикалық факторлардың жиынтығына негізделгені ескеріліп, оларды тікелей реттеу әлеуеті шектеулі күйінде қалып отыр. Бұл болжаудың айқын болмауын үдете түседі және сыртқы периметрлерде де ішкі периметрлерде де, мемлекеттік саясат бейімделу мен алдын алу тетіктеріне қарай ығысады.

Ішкі көші-қон негізінен өңірлік, экономикалық және әлеуметтік саясаттың бағыттарымен айқындалады. Оның болашақтағы серпіні стратегиялық құжаттарда, атап айтқанда:

1) ұлттық даму жоспарының, ірі қалалардың агломерацияларын дамыту және экономикалық белсенділіктің жаңа орталықтарын қалыптастыру бөлігінде;

2) Өңірлік даму тұжырымдамасында базалық инфрақұрылым мен өмір сапасындағы сыни алшақтықтарды жою бөлігінде;

3) Денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасында барлық өңірлерде медициналық көмекке қолжетімділікті жақсарту бөлігінде;

4) Жоғары білімді және ғылымды дамыту тұжырымдамасында өңірлерде шетелдік университеттердің филиалдарын ашу бөлігінде;

5) Алматы және Астана қалаларын, сондай-ақ олардың агломерацияларын жоспарлау құжаттарында;

6) әлеуетті "өсу нүктелерін" ескере отырып, жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аударудың одан арғы шаралары жөніндегі 2025 – 2028 жылдарға арналған жол картасында;

7) Алматы қаласы мен Алматы агломерациясын теңгерімді дамыту жөніндегі жол картасында;

8) екі ірі қалаға қатысты анағұрлым бәсекелестік жағдайлары бар Алатау қаласын дамыту шеңберіндегі бастамада;

9) мектеп түлектері мен "Серпін" гранттары иелерінің ұлттық білім беру дерекқорында;

10) "Дипломмен ауылға" бағдарламасында;

11) "Ауыл аманаты" бағдарламасында;

12) "Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасында;

13) Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту бағдарламасында көзделген іс-шаралардың сапалы орындалуына тікелей байланысты болады.

Қолданыстағы стратегиялық құжаттарда өңірлерде баламалы тартылыс орталықтарын қалыптастыру қарастырылған. Бұған қоса ішкі көшіп-қонуды тиімді теңгерімдеу үшін көші-қон саясаты шеңберінен тыс бастамаларды іске асыру қажет.

Көптеген өңірлерде халық тығыздығының төмен болуы кәсіпкерліктің дамуына шектеу болып отыр. Сондықтан тек инфрақұрылымдық байланысты дамыту ғана емес, өңірлер арасындағы кәсіпкерлік ұтқырлық үшін жағдай жасау да аса маңызды. "Атамекен" өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, ұтқыр кәсіпкерлікті дамыту – тіркелген жерінен тыс бизнес ашу, жүргізу және тарату тетіктері пысықталады.

Сондай-ақ өңірлер базалық инфрақұрылыммен біркелкі қамтамасыз етілмеген.

Қалалық ортаның сапасы төмен аймақтар белдеулерінің проблемасын шешу үшін қала құрылысы, инфрақұрылымдық және әлеуметтік шараларды үйлестіру қажет. Бейберекет құрылыс салуды тежеу және қала маңындағы аймақтарды толыққанды қалалық ортаны қалыптастыру аумақтардың тоқырауын болғызбай, әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибені (Германия, Польша, Оңтүстік Корея) ескерсек, агломерациялық құрылымдарды дамытуды қала маңындағы және шеткері аумақтарды тұрақты дамытумен бірге жүргізген орынды. Ірі қалалардағы көші-қон қысымын азайту үшін жоспарлау осьтері бойынан қосымша экономикалық өсу нүктелері ретінде "контрмагнит қалалар" мен спутник-қалаларды қалыптастыру ұсынылады.

Моно- және шағын қалалар үшін түйінді бағыттар: жаңа экономикалық мамандануды айқындау, еңбек ресурстарының мобильділігін арттыру, өндірістік тізбектерді дамыту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды қолдау. Жергілікті ауылшаруашылық шикізатына бағдарланған қайта өңдеу кәсіпорындарын құру тиімді шаралардың бір болып табылады. Жекелеген моноқалалар үшін көліктік және логистикалық желілерді қалыптастыру перспективалы болып қалады.

Шағын және орташа қалаларда әлеуметтік маңызды объектілерді орналастыру халыққа қызмет көрсету деңгейін арттырып, жаңа жұмыс орындарын құруға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Ауылдық жерлерге қоныстандыруды дамыту ауылдық аумақтардың өндірістік, әлеуметтік және экологиялық функцияларын кеңейтуге қарай бағытталуы керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында белгіленген "адамдар – инфрақұрылымға" қағидатын ұстану маңызды, қолдауды перспективалы ауылдарға шоғырландыру қажет. Шараларға ауылдық кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсарту, тұрғын үй құрылысы, жеңілдетілген ипотека және халықтың аумақтық ұтқырлығын арттыру кіреді.

Мемлекет ауылдық елді мекендер мен шекара маңындағы солтүстік аумақтардан халықтың кетуін азайту бойынша ынталандыру шаралары ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 25 тамыздағы № 679 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде инфрақұрылымды дамыту және мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді жалғастыра береді.

Сонымен қатар шағын, және орта бизнеске қолдау көрсету үшін бірлескен экономикалық және логистикалық аймақтар құру, трансшекаралық көлік инфрақұрылымын дамыту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Мысалы, шығыста – Қытаймен шекара бойында экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту және трансшекаралық сауда дәліздеріне интеграциялау, солтүстікте – жүк тасымалын шекаралық бақылау және кедендік жеделдетуге арналған арнайы аймақтар құру, астық және мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөніндегі бірлескен жобалар, шекаралас аудандардың университеттері арасында алмасу бағдарламалары.

Ел ішінде азаматтардың басқарылмайтын қоныс аударуына байланысты тәуекелдерді азайту үшін проактивті реттеу жүйесін қалыптастыру қажет.

Соңғы жылдардағы практика, оның ішінде Жаңаөзен тұрғындарының жұмыс орындарының шектеулі болуына байланысты басқа өңірлерге жаппай көшуі дағдарыстардың ертерек алдын алуға, экономиканы әртараптандыруға және жұмыспен қамту сапасын арттыруға негізделген кешенді саясаттың қажеттігін көрсетті.

